# БІРІКТІРІЛГЕН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

## «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ

## 2020



# КІРІСПЕ

Осы «Жинақ банкі» Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкінің 2020 жылғы Біріктірілген жылдық есебі (бұдан әрі – Есеп) Банктің 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі есепті кезеңдегі қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты қамтиды.  Бұл Есеп жыл сайын шығады, соңғысы 2020 жылдың шілдесінде шығарылды.

Осы Есептегі қаржылық деректер, егер мәтін бойынша басқасы тікелей көрсетілмесе, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған «Жинақ банкі» АҚ ЕБ аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес ұсынылған.

СБЕРБАНК

## ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІЛЕР ЕСКЕРІЛДІ:

1 Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптары

2 «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 14 шешімімен бекітілген Қазақстан қор биржасының (KASE) бағалы қағаздарына рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу ережелерінің ұсынымдары

3 Тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі жаһандық бастамалар ұсынымдары (GRI)

4 Лондон қор биржасының (LSE) ұсынымдары

2020 жылы банк алғаш рет Тұрақты даму саласындағы есепті дайындау жөнінде шешім қабылдады, онда экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару өлшемшарттары бойынша банктің негізгі жетістіктері көрсетіледі.
Тұрақты даму саласындағы есеп банктің тұрақты даму саласындағы қызметі, жоспарлары мен мақсаттары туралы ақпаратты уақытылы көрсету үшін қажет.

# МАЗМҰНЫ


01 «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҮНДЕУІ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ басқарма төрағасының үндеуі

02 «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Сбербанк» ЖАҚ
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ тарихы
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2020 жылда

03 2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Макроэкономика және банк секторы
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ қаржылық нәтижелерінің талдауы

04 «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ 2020 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

Бөлшек бизнес
Корпоративтік бизнес
Экожүйе, E-commerce
Филиалдық желісі
Ақпараттық және цифрлық технологиялар
Маркетингтік белсенділік
Тәуекел-Менеджменті

05 «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ESG түрлендіруі
Ресурстарды үнемдеу
Әлеуметтік жауапкершілік
Корпоративтік жауапкершілік
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ акционерлерінің жалпы жиналысы
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесі
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқармасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
Мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі саясат
Деректердің құпиялылығы және қауіпсіздігі
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ қызметкерлеріне қамқорлық
Қызметкерлер туралы мәліметтер
Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік

06 «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

07 ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Глоссарий
Негізгі бизнес-байланыстар
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ деректемелері

# 01

«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ
БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҮНДЕУІ

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## Құрметті акционерлер мен клиенттер, құрметті әріптестер!

2020 жыл барлығымыз үшін дағдылы іс барысын өзгертті. Әлем тап болған пандемия бүкіл жаһандық қауымдастық үшін нақты сынаққа айналды және жаңа шындықты құрды. Қазақстан да сырт қалмады. Турбуленттілікке қарамастан, Сбербанк Қазақстан жоспарлы тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізді: 2020 жылдың қорытындысы бойынша Еншілес Банктің таза пайдасы 60,5 млрд теңгені құрады, резервтерге дейінгі операциялық кіріс өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға өсіп, 177 млрд теңгеге жетті.

Салынған капиталға кірістілік бойынша (ROE=23%) банк Қазақстанның банк нарығында ғана емес, сонымен қатар Сбербанктің барлық Тобының периметрінде көшбасшы болып табылатынын жеке атап өткім келеді.

Бүгінгі таңда Сбербанк Қазақстан республикадағы ең ірі банктердің үштігіне кіреді және жыл қорытындысы бойынша 16% өсіммен 1,2 млн астам белсенді клиенттерге қызмет көрсетеді. Жоғары жылдамдықты ғаламтордың эволюциясы, қашықтан жұмыс форматының пайда болуы цифрлық қызметтерді дамыту пайдасына стратегиялық таңдауымыздың дұрыстығын көрсетті. Соңғы жылы Сбербанк Қазақстан цифрлық арналардағы бөлшек сауда үлесі 15%-дан 25%-ға дейін өсті. Сбербанк Қазақстан клиенттер талап болатын онлайн онбординг, Қазақстаннан Ресейге және керісінше телефон нөмірі бойынша төлемдерді жүзеге асыруға арналған жүйе, сондай-ақ көршілес Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдеріне карта нөмірі бойынша ақша аудару жөнінде төлем хаб – сервисі сияқты сервистерді іске қосты.

Біздің болашағымыз бен банктің табысы цифрлық өнімдерді одан әрі жетілдіруге толығымен тәуелді болатынына сенімдімін. Сондықтан 2021 жылы AI дамыту, деректермен жұмыс істеу және біртұтас цифрлық экожүйе құру біздің басым бағыттарымызға айналады.

Сбербанк Қазақстан мемлекетпен өзара іс-қимылдағы белсенді ұстанымын жеке атап өткім келеді. Бүгінгі таңда Еншілес Банк, «ДАМУ» қорымен бірлесіп, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша көшбасшы болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей, Сбербанк өзінің даму стратегиясында электрондық коммерцияны дамытуға ерекше көңіл аударды.

Бизнестің бұл бағыты Қазақстандағы Еншілес Банкіміздің дамуы үшін де аса маңызды. Бәсекелестік жағдайында экожүйелік өнімдер желісін кеңейте отырып, біз клиенттік базаны ұлғайта, табысты арттыра және ұзақ мерзімді болашақта бәсекелестік позицияларды сақтай аламыз.

Мен Еншілес Банктің барлық командасына оңай емес уақытта үйлесімді жұмыс істегені үшін ризамын. Біздің болашаққа салған инвестицияларымыз өзін ақтайтынына және Сбербанк Қазақстан алдында тұрған өр мақсаттар мен міндеттерді орындайтынына сенімдімін.

Құрметпен,
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Төрағасы
Тимур Козинцев



Козинцев Тимур

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ
Директорлар кеңесінің Төрағасы

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

2020 жыл әрқайсымыз үшін айтарлықтай ерекше болды, ол бізді ішкі процестерді қайта қарауға және адамдардың санасын өзгертуге мәжбүр етті, біз нарыққа және клиенттердің қажеттіліктеріне тезірек жауап қайтара бастадық. Көбінесе икемділік мәдениеті мен реакция жылдамдығының арқасында біз пандемиямен байланысты дағдарысты сәтті еңсеріп, нарықтағы позицияларымызды нығайтып, экономиканы қаржыландыруды тоқтатпадық.

Пандемияға және карантиндік шараларға байланысты нарықтың экономикалық белсенділігінің төмендеуіне қарамастан, біз активтер мөлшері (3 167 млрд теңге) және кредиттік қоржын (1 796 млрд теңге) бойынша банк жүйесінде екінші орынды ұстап қалуға қол жеткіздік. Банк барлық негізгі көрсеткіштер бойынша сектордың өсу қарқынынан озады және жаңа өнімдер мен сервистерді, оның ішінде онлайн, енгізу нәтижесінде, сондай-ақ кредиттеу және тарту бойынша тиімді жұмыс есебінен өзінің нарықтық үлесін ұлғайтуды жалғастырады. Өткен жылы біз активтердің (+44%) және кредиттердің (+24%) өсімі бойынша ТОП-5 банктің арасында ең үздік серпінді көрсеттік. Сбербанктегі кредиттеу өсімінің негізгі драйверлері бөлшек бизнес - ол жыл басынан бері 39,6%-ға өсті, сондай-ақ ШОБ-ті кредиттеу болды – ол 20%-ға өсті. Біз NPL деңгейі 90+ 5,4% болатын кредиттік қоржынымыздың сапасын мақтан тұта аламыз – бұл ТОП-5 банктің ішіндегі «нашар кредиттердің» ең төменгі көрсеткіштерінің бірі.

2020 жылы COVID-19-дың теріс экономикалық әсеріне ұшыраған заңды және жеке тұлғаларға уақытылы көмек көрсету бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Біз клиенттерге кредиттер бойынша міндеттемелерді орындау бойынша 90 күнге дейін мерзімге кейінге қалдыру, 55 мыңнан астам жеке тұлғаларға «кредиттік демалыс» ұсындық, 1,8 мыңнан астам ШОБ клиенттеріне қайта құрылымдау жүргіздік. Сонымен қатар, бизнесті қолдау бойынша уақытылы іске қосылған мемлекеттік бағдарламалардың арқасында көптеген компанияларға кредиттік жүктемені төмендету үшін қаржыландырудың жеңілдікті шарттары берілді.

Бұдан басқа, клиенттердің банктің физикалық нүктелеріне баруын барынша азайту мақсатында біз онлайн қолжетімді өнімдердің тұтас желісін әзірлеп, енгіздік. Банк 42 500 тг мемлекеттік жәрдемақы алу үшін әлеуметтік картаны қашықтықтан ашуды іске қосты, пандемия кезеңінде 15 мыңнан астам виртуалды карта ашылды. Корпоративтік клиенттермен барлық кредиттік құжаттарға қашықтан қол қою үшін банк электрондық құжат айналымы жүйесін өрістетті – өткен жылы онлайн режимде 20 мыңнан астам құжатқа қол қойылды. Тамыз айында микро және шағын бизнес клиенттері үшін біз өзіміздің скорингтік технологиялар негізінде банк сайтында қаржыландыру туралы шешім алуға мүмкіндік беретін сервистерді іске қостық. Қазірдің өзінде 2 000-нан астам клиент бұл сервисті пайдаланды. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып, біз смартфон арқылы төлемдерді қабылдауға мүмкіндік беретін SberPOS сервисін іске қостық. Бүгінгі таңда бұл қосымшаны 600-ден астам компания орнатқан.

Біздің ерекше мақтанышымыз – біз Қазақстанда Ресеймен телефон нөмірі бойынша P2P-аударымдарды бірінші болып іске қостық, сондай-ақ Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанға трансшекаралық P2P-аударымдар бойынша сервисті іске асырдық. Статистикаға қарағанда, клиенттер оларды лайықты бағалап үлгерді – 2020 жылдың басынан бастап P2P-аударымдары 200%-ға, ал төлемдер 41%-ға өсті.



Теңізбаев Елдар

«Жинақ банкі»
АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Біз банктің мобильді қосымшасында online onboarding және биометриялық тексеру процесін іске қостық және клиенттерде қашықтықтан тіркеуден өтіп, шот ашу мүмкіндігі пайда болды. Өнімді іске қосу басталғаннан бері шамамен 11,5 мың адам үйден шықпай-ақ біздің банктің клиенттеріне айналды.
Сонымен қатар онлайн кредиттеу және кредиттік картаны онлайн шығару процесі іске қосылды.

Сондай-ақ, банк бизнесті басқару жөніндегі кең функционалдықты қамтитын SberBusiness қашықтан қызмет көрсету бойынша әмбебап платформаны әзірледі, және 2020 жылы клиенттерге 190-нан астам сервис қолжетімді болды. Біздің шешіміміз клиенттердің көңілінен шықты: компаниялар транзакцияларының 98%-ы енді онлайн режимде, 10 депозиттің 9-ы корпоративтік клиенттермен қосымшада ашылады, компаниялардың кіріс операцияларының кем дегенде 70% банкоматтарда «өзін-өзі инкассациялау» арқылы жүзеге асырылады.

Дәстүрлі қаржылық қызметтерден басқа, біз клиенттерге Сбербанк экожүйесінің жаңа сервистерін де ұсына бастадық. Мысалы, көптеген қазақстандықтарға Ресейде танымал болған ОККО онлайн-кинотеатры сияқты сервистер бұрыннан таныс, ол арқылы біз азаматтарымызға сүйікті фильмін немесе хабарын көріп, бос уақытын рақаттана өткізуге көмектесеміз. Бұған қоса, жергілікті нарыққа бағыттана отырып, біз қазақстандық киностудиялардың жергілікті контентін қостық – бұл 40-тан астам фильмдер мен сериалдар, оның ішінде қазақ тілінде. Сондай-ақ, бұл заңды тұлғалардың жұмысын жеңілдету және жақсарту үшін ыңғайлы сервис – бухгалтерлік және заңды қызмет көрсету, жалақы есептеу, персоналды іріктеу, кадрлық әкімшілендіру және бірқатар тағы басқа қызметтерді қамтитын SberSolutions.

Егер жергілікті сервистерді дамыту туралы айтатын болсақ, онда соңғы жылы SberTravel (әуе және т/ж билеттерін сату жөніндегі портал), сондай-ақ FMCG тауарларына онлайн-тапсырыс берудің B2B платформасы, бұл толыққанды маркетплейсті дамыту әлеуеті бар Қазақстандағы ірі стартаптардың бірі – тауарлар мен қызметтер платформасы, жобалары іске асырылды.

Сбербанк көптеген жылдар бойы бөлімшелерде цифрлық арналар мен дәстүрлі қызмет көрсетуді, олар бірін бірі толықтырып, толығымен алмастыра алатындай етіп дамытты. Коронавирус тек өзгеру қажеттілігін жылдамдатты, және біз банкте икемді басқару әдістерін қамтитын agile түрлендіруді іске қостық. Осы процесті бастай отырып, біз нарықта бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және деректерді талдау саласындағы мамандардың тапшылығы бар екендігіне тап болдық. Сондықтан түрлендіруіміздің қажетті құзыреттер мен ресурстармен толықтыра алуымыз үшін T-Shaped жаңа форматтағы адамдарды тәрбиелеу үшін өзіміздің жеке мектептерімізді ашу туралы шешім қабылданды.

Банк біздің өнімдерімізді insource-әзірлеуге ауысуды бастады, бұл біздің нәтижелерімізге бірден әсер етті: жүйелеріміздің жұмыс тұрақтылығы жақсарды, банк ішіндегі IT-сараптама ұлғайды, жаңа сервистерді іске қосу және ағымдағы сервистерді жаңарту жылдамдады.
2020 жыл ішінде диджиталдағы сатылымдар екі есе өсіп, 30%-ға жақындап қалды.

Біздің командамызға үлкен алғысымды білдіргім келеді – осы нәтижелердің барлығын және жұмыстардың алып қабатын өз мамандарымыз орындады, бұл мақтаныш сезімін тудырады. Біздің командамыз – біздің басты артықшылығымыз, біз оған инвестиция салуға дайынбыз. Бұл біздің ең маңызды және құнды белсеніміміз, оның арқасында болашаққа үлкен оптимизммен қараймыз!

Жалпы, 2020 жыл біз үшін серпінді жыл болды және цифрлық түрлендіру аясында өтті. Осының барлығы бүгінгі таңда Сбербанкке 90 мыңнан астам компания мен 1,2 млн астам жеке тұлғаның сенім білдіруіне әкелді, 2021 жыл біз үшін 2023 жаңа даму стратегиясын іске асырудың бастамасы болады, оның шеңберінде біз одан өзіміз үшін одан да өршіл мақсаттар қойып, өз клиенттеріміздің өмірін жеңілдетуге және жақсартуға қабілетті бірқатар өнімдер мен сервистерді анықтадық!

Құрметпен, «Жинақ банкі»
АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы Елдар Теңізбаев

СБЕРБАНК

# 02

«ЖИНАҚ БАНКІ»
АҚ ЕБ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

# «СБЕРБАНК» ЖАҚ

Бүгін Сбербанк – Ресейдегі, Орталық және Шығыс Еуропадағы ең ірі банк, жетекші халықаралық қаржы институттарының бірі. Сбербанктің шетелдік желісінің құрамына әлемнің 18 еліндегі еншілес банктер, филиалдар мен өкілдіктер кіреді. Банктің шетелдік желісі Швейцариядағы, Германиядағы, ТМД-дағы, Орталық және Шығыс Еуропадағы, Босния мен Герцеговинадағы, Венгриядағы, Үндістандағы, Хорватиядағы, Чехиядағы, Қытайдағы және басқа елдердегі еншілес банктерден, филиалдардан және өкілдіктерден тұрады. Бүкіл Сбербанк Тобына 101,7 млн жеке клиент, 2,9 млн корпоративтік клиент келеді. Халықаралық бизнестің активтері Топ активтерінің 5%-ын құрайды.

**18** елдерінің өкілдіктері — филиалдар және әлем

**101,7** млн. — жеке клиенттер

**2,9** млн. — корпоративтік клиенттер

# МИССИЯ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

Біз адамдарға сенімділік пен беріктік сыйлаймыз, ұмтылыстары мен армандарын іске асыруға көмектесе отырып, олардың өмірлерін жақсартамыз.

## БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Біздің құндылықтарымыз – өмір мен жұмысқа қараудың негізі, қиын жағдайларда шешім қабылдауға көмектесетін ішкі тұсбағар және де біз оларға әрқашан және барлық жерде адалдық сақтайтын қағидалар.

Бізге кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін нұсқаулар:

### МЕН КӨШБАСШЫМЫН

- Мен өзім үшін және айналамда болып жатқан нәрселер үшін жауапкершілікті қабылдаймын
- Мен өзіме, әріптестеріме және клиенттерге адалмын
- Қолымнан келгеннің ең жақсысын істеп, мен өзімді, біздің Банкті және біздің айналамызды жетілдіремін

### БІЗ КОМАНДАМЫЗ

- Жалпы нәтиже үшін жұмыс істей отырып, біз бір-бірімізге көмектесуге дайынбыз
- Біз әріптестерімізге өсіп, дамуға көмектесеміз
- Біз ашықпыз, әріптестерімізді сыйлаймыз және бір-бірімізге сенім білдіреміз

### БАРЛЫҒЫ КЛИЕНТ ҮШІН

- Бүкіл біздің іс-әрекеттеріміз клиенттердің мүддесі айналасында және олар үшін құрылған
- Біз қызметтердің сапасымен және қарым-қатынаспен клиенттерді таңғалдырып, қуантқымыз келеді
- Біз клиенттердің күтулерінен асып түсеміз

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ТАРИХЫ

Қазақстандағы «Жинақ банкі» Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкінің тарихы 2006 жылдың соңында, Ресей Жинақ банкі, ресейлік қаржы жүйесінің сардары, Орталық және Шығыс Еуропаның аса ірі қаржы институты «Texakabank» АҚ акцияларының 99,99%-ын сатып алған кезде басталады.

2007 жылы Банк ұлттық және шетел валютасында банктік және банктер жүзеге асыратын өзге операцияларды жүргізуге лицензия алды. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-нің әлемнің ірі банктерімен кең байланысы, сондай-ақ клиенттермен және экономиканың түрлі салаларында қызмет атқаратын серіктестерімен жұмыс жасауда мол тәжірибесі бар.

# Бүгінгі таңда «Жинақ банкі» АҚ ЕБ:

Халықаралық Сбербанк Тобына кіреді.

Банк 14 жыл бойы Қазақстанның қаржы нарығында табысты жұмыс істеп келеді және 2020 жылдың қорытындысы бойынша активтердің көлемі, несие қоржыны және корпоративтік салымдар бойынша 2-орынға ие.

Қазақстан нарығындағы ірі шетелдік институционалдық инвестор болып табылады.

Өнімдер мен қызметтердің кең спектрі бар әмбебап Банк.

Мемлекетпен серіктестікте жұмыс істейді, Қазақстан экономикасының негізгі инвесторы және мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар мен кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларының көшбасшысы болып табылады.

110 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сі филиалдар болып табылады.
Банктің Орталық кеңсесі Алматы қаласында орналасқан.

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ 2020 ЖЫЛДА

## 2-ОРЫН

АКТИВТЕР МӨЛШЕРІ,НЕСИЕ ҚОРЖЫНЫ МЕН ЗТ САЛЫМДАРЫ БОЙЫНША 2-ОРЫН

**90 мың** заңды тұлғалар

**1,2 млн.** жеке тұлғалар

**17** филиал

**110** сауда нүктелері

**4,1 мың** қызметкерлер бүкіл Қазақстан бойынша

FITCH RATINGS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІГІ 2020 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАШАСЫНДА БАНКТІҢ РЕЙТИНГІН «BBB-» ДЕҢГЕЙІНДЕ РАСТАДЫ, БОЛЖАМЫ «ТҰРАҚТЫ»



# «Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2020 жылдағы нарықтық позициясы

**2-орын**

нарық үлесі 10,2% тең активтер мөлшері бойынша (01.01.20 ж. 8,2%), #1 2020 ж. ТОП-5 ЕДБ арасында активтердің өсуі бойынша (+44%)

**2-орын**

ЕДБ ТОП-5 (NPL 5,4%) арасындағы несие қоржыны сапасы бойынша

**2-орын**

нарық үлесі 11,4% тең несие қоржынының көлемі бойынша (01.01.20 ж. 9,8%), #1 2020 ж. ТОП-5 ЕДБ арасындағы кредиттердің өсімі бойынша (+24%)

ЕДБ ТОП-5 ішіндегі ең жоғары кредиттік рейтинг: Fitch «BBB-» болжамы «Тұрақты»

**2-орын**

нарық үлесі 11,6% ЗТ салымдарының көлемі (01.01.20 ж. 9,6%), 2020 ж. ЗТ салымдарының өсуі +49% бойынша

# 2020 жылдағы «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ МАРАПАТТАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

- Сбербанктегі автокредиттеу шарттары Ranking.kz аналитикалық агенттігімен нарықтағы ең жақсы деп атанды
- Forbes Kazakhstan жыл сайынғы мобильді қосымшалар рейтингісінің қорытындысы бойынша Сбербанк Онлайн Қазақстан (СБОЛ) қосымшасы 2-орын алды
- Сбербанк Қазақстан – «Баспана Хит» ипотекалық тұрғын үй кредиттеудің мемлекеттік бағдарламасы бойынша көшбасшы
- Сбербанк Қазақстан – «7-20-25» ипотекалық тұрғын үй кредиттеудің мемлекеттік бағдарламасы бойынша көшбасшылардың бірі
- Сбербанк Қазақстан B2C жүйесіндегі автокредиттеу бойынша №1
- Сбербанктің «ALL IN» төлем картасы Visa халықаралық төлем жүйесінің рейтингі бойынша «Күнделікті қолдануға арналған үздік карта» номинациясында №1 болып танылды
- Сбербанк Қазақстан әлемдегі ең ірі Randstad employer brand research зерттеуімен қаржылық қызметтер саласындағы ең тартымды жұмыс беруші ретінде танылды
- Сбербанк Қазақстан 2020 жылы ҚР ҰБ жүргізген активтердің сапасын бағалаудың кешенді жүйесінен (AQR) сәтті өтті. AQR Қазақстан банктері активтерінің күйін кешенді және жүйелі бағалауға, елдің банк жүйесінің тұрақтылығын арттыру құралына айналды. AQR нәтижелері бойынша ҚР ҰБ-ның есебінде AQR периметріне енгізілген банктер реттеушінің нормативтеріне сәйкес келуі және бюджет қаражатын пайдаланбай күтілетін кредиттік шығындар бойынша шығындарды жабу үшін негізгі капиталдың жеткілікті көлеміне ие



# 2020 жылдағы «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ НЕГІЗГІ ӨНІМДЕРІ

- SoftPOS – смартфондағы POS-терминал технологиясы енгізілді
- Жаңа корпоративтік өнімдер мен сервистер енгізілді: ШМБ үшін жаңа SberBusiness платформасы, жеке кәсіпкерлер үшін E2E онлайн кредиттеу;
  4 предиктивтік үлгі (Кепілдік, Кредит, FX, Эквайринг өнімі бойынша үлгі) іске асырылды, биометрияны қолдана отырып, қашықтықтан сәйкестендіру, онлайн онбординг – e-Gov электрондық үкімет порталымен интеграциялау (ЖК үшін шотты онлайн ашу) енгізілді
- СБОЛ-да жаңа бөлшек өнімдер мен сервистер енгізілді: онлайн депозиттерді, кредиттерді және виртуалды картаны рәсімдеу мүмкіндігімен клиенттердің E2E онбординг процесі іске асырылды, құжаттарға онлайн
  қол қою мүмкіндігімен онлайн сақтандыру, кредиттерді қайта құрылымдау енгізілді
- «MonoCard Visa ALL IN» жаңа біріздендірілген карточкалық өнімі іске қосылды, жанасусыз төлем жасау үшін Samsung телефондарында карталарды токенизациялау мүмкіндігі бар «Samsung Pay» (Visa & Mastercard) сервисі іске қосылды
- Кредиттік карталарын онлайн сату іске қосылды, серіктестерде автокөлікті онлайн кредиттеу енгізілді, «Гарант» депозиті, ҚР-нан РФ-на телефон нөмірі бойынша P2P аударымдар, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстанға СБОЛ-дағы аударымдар, DBP платформасында жаңа СБОЛ іске қосылды, жаңа «Call bot» коммуникациялар арнасы іске қосылды, анықтамаларды QR-растау функционалы іске асырылды
- SberSolutions компаниясымен бірлесіп, 10 жаңа банктік емес қызметтер іске қосылды, оның ішінде бухгалтерияның экспресс-аудиті, тарату және банкроттық рәсімі, контрагенттерді тексеру, бұлтты 1С бухгалтерия және т. б.



СБЕРБАНК

# 03

## 2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

# МАКРОЭКОНОМИКА

2020 жылы әлем жаңа сын-қатерге –коронавирус пандемиясына тап болды, ол барлық елдердің әдеттегі өміріне айтарлықтай түзетулер енгізді, тиісінше, бұл бүкіл әлемдік экономикаға әсер етті. Вирустың таралуына жол бермеу үшін теңдесі жоқ шаралар қабылданды – наурыздан бастап әлем елдері шекараларды бірінен соң бірі жауып, әуе және теңіз жолаушылар қатынасын тоқтатты және толық локдаундарды енгізуге: демалыс және тамақтану орындарын жабуға, көлік жұмысын тоқтатуға және қызметкерлерді онлайн жұмыс форматына ауыстыруға мәжбүр болды. Сәуірде мұнай бағасы нөлден төмендеді, экономикалық қызметтің көптеген түрлері тоқтатылды, әлемдік әуе саласы, туризм, шағын және орта кәсіпорындар рекордтық шығындарға ұшырады.

Коронадағдарысқа байланысты бірқатар локдаун мен бизнес жұмысының шектеулерін басынан өткізген қазақстандық экономика үшін жыл 2,6%-ға төмендеуімен аяқталды. Бұл 2000-жылдардан бері ел экономикасының ең үлкен құлдырауы.

Энергия көздеріне бағаның жоғары тәуелділігіне байланысты Қазақстан экономикасына жаһандық мұнай нарығындағы бағаның құбылмалылығы кері әсерін тигізді. 2020 жылы мұнай өндіру 5,4%-ға төмендеді, бұл 2017 жылғы өндіру деңгейінен төмен. ОПЕК+ елдерінің ұсыныс көлемін шектеу жөніндегі күш-жігері бағаларды баррель үшін $50 белгісіне дейін жеткізді.

Көктемгі-жазғы кезеңмен салыстырғанда бірқатар салалар, атап айтқанда бөлшек сауда (2020 ж. 11 айда -4,1%; -5,0%) және көтерме сауда (2020 ж. 11 айда -7,4%; -9,2%), көлік (2020 ж. 11 айда -6,6%; -6,8%), жүк айналымы (2020 ж. 11 айда -3,4%; -3,9%) жыл соңына дейін қалпына келтіру траекториясына шыға алды. Қызмет көрсету секторы үшін құлдырау 5,6% құрады (2020 ж. 11 айында -5,9%), бұл жылдың екінші жартысында карантиндік шараларды жеңілдетуге байланысты (ұшуды жаңарту, қоғамдық тамақтану және ойын-сауық орындарынан шектеулерді алып тастау жүзеге асырылды).



СБЕРБАНК

Сонымен қатар, төмендеу тау-кен өндіру саласында әлі де күшейе түсуде (2020 ж. 11 айында -3,7%; -3,4%), сондай-ақ жолаушылар айналымы әлі де үлкен минустан шыға алмауда (2020 ж. 11 айында -63,3%; -62,0%). Сондай-ақ, бірқатар салалар Қазақстан экономикасы қарқынының төмендеуін жеңілдетіп, оң серпінді көрсетті. Мысалы, «Ақпарат және байланыс» секторы халық пен бизнестің онлайн (қашықтан) жұмыс істеу режиміне ауысуы нәтижесінде ж/ж 8,6%-ға өсуді көрсетті.

2020 жылы бойы елімізде ауыл шаруашылығы саласы серпінді дамып, кәсіпкерлерге жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы аясында мемлекеттің белсенді қолдауы нәтижесінде ж/ж 5,6% өсімін көрсетті; ол бағдарламада ауыл шаруашылығы секторын жандандыру мақсатында агроөнеркәсіптік кешен бөлек белгіленді.

Дәрі-дәрмектерге жоғарылатылған сұранысына байланысты фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндірісі (+47%) негізгі драйвер болған өңдеу өнеркәсібіндегі ж/ж +3,9% айтарлықтай өсімді бөлек атап өту қажет.

2020 жылы мемлекеттің күшейтілген қолдауының арқасында 11,2% деңгейінде өсу қарқынын көрсеткен құрылыс секторын атап өтпеуге болмайды.  Тұрғын үйді іске қосу серпіні үш еседен астам, 5%-дан 17%-ға дейін жылдамдады. Дағдарысқа қарамастан, құрылыс саласындағы жоғары белсенділікті халыққа жеңілдетілген ипотекалық кредиттеу бағдарламаларын іске асыру арқылы мемлекеттің ынталандыру шараларының нәтижесі ретінде қарастыруға болады.

Сонымен қатар, кейіннен қабылданған зейнетақы жинақтарын тұрғын үй сатып алуға ішінара пайдалану жөніндегі шаралар да тұрғын жылжымайтын мүлікке сұранысты арттырды.  Осылайша, 2020 жылы құрылыс саласы да біраз республика экономикасының төмендеуінің орнын толтырды.

Халықты қолдау аясында мемлекет 2020 жылы бойы пандемиядан зардап шеккен халыққа әлеуметтік жәрдемақы төлеуді қамтамасыз етті. Экономикаға ауқымды қаражат құю пандемиямен күрес аясында карантиндік шектеулердің теріс әсерін едәуір дәрежеде жақсартты.

10 жылға жуық байқалған инвестициялардың үздіксіз өсу үрдісі жыл соңына қарай оң өсім аймағына шыға алмады. 2020 жылы инвестициялардың жалпы көлемінің қысқаруы 3,4%-ды құрады, негізінде Теңіз кен орнын және басқа да мұнай өндіруші өңірлерді дамытуға арналған шығындардың қысқаруы нәтижесінде өндіруші саладағы инвестициялардың 26,4%-ға төмендеуі есебінен.  Сонымен бірге, кейбір салаларда инвестициялық белсенділік пандемияға байланысты аз зардап шеккен. Мысалы, ауыл шаруашылығында инвестициялардың өсуі 15%-ды құрады, телекоммуникация саласына салымдар 35,5%-ға және денсаулық сақтау саласына екі есе өсті.

# МАКРОЭКОНОМИКА

2020 жылы сыртқы талықсытпалардан кейін инфляция жоғарылау үрдісімен біршама жоғары құбылмалылықты көрсетті. Жылды ж/ж 5,4% белгісінен бастап, бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ол ж/ж 7% жетті. Жазғы кезеңде тұтыну нарығында белгілі бір тыныштық болып қалды, бағаның өсуі басқа кезеңдерге қарағанда екі еседен астам аз болды. Алайда, күзде инфляция теңгенің әлсіреуімен, азық-түлік тауарлары сегментіндегі сыртқы бағалардың көтерілуімен және ТКШ қызметтеріне тарифтердің өсуімен бірге күшейіп, қарашада ж/ж 7,3% деңгейінде қалыптасты.

2020 жылдың қорытындысы бойынша инфляция ж/ж 7,5% төрт жылдық максимумға жетті, бұл тиісінше 2018 және 2019 жылдардағы 5,3% және 5,4%-ға күрт қарама-қарсы келеді. 2020 жылы инфляцияның жылдамдауы барлық компоненттерде байқалды. Бір жыл ішінде бағаның өсу серпінінің неғұрлым айқын үдеуін ақылы қызмет көрсету саласы (ж/ж 0,7%-дан ж/ж 4,2%-ға дейін), азық-түлік тауарлары (9,6%-дан 11,3%-ға дейін), азық-түлік емес тауарлар (ж/ж 5%-дан 5,5%-ға дейін) көрсетті.

Өткен жылы бюджет кірістерін толықтыру мақсатында тауарларға акциздер айтарлықтай өсті, соның нәтижесінде олардың бюджетке 2020 ж. 11 айында түсуі ж/ж 26% өсті, бұл да инфляцияға жоғарылатын қысым көрсетті.

Желтоқсан айында реттеуші өтімділікті басқару дәлізін +/- 1,5%-дан +/-1%-ға дейін азайта отырып, базалық мөлшерлемені 9% деңгейінде сақтап қалды.

ЖЫЛДЫҚ ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ



# МАКРОЭКОНОМИКА

Теңге құнының күрт төмендеуі 2020 жылғы наурызда болды (2020 жылдың басынан -17,1%). Негізгі себеп мұнай бағасының төмендеуі болды (30%-ға, баррель үшін $31-33-ға дейін). Бұл ретте реттеушінің теңдесі жоқ шаралары ұлттық валюта бағамын түзетуге және одан да көп құлдырауға жол бермеуге көмектесті. Бір жыл ішінде ұлттық валюта бір доллар үшін 420,71 теңгеге дейін 10,4%-ға әлсіреп, 2020 жылғы 4-тоқсанда 2,0%-ға нығайды. Ұлттық валюта бағамына бұл қолдауды мұнай бағасы белгіленімінің 26,5%-ға бір баррель үшін 51,8 АҚШ долларына дейін өсуі және ҚР МБҚ-ға 209 млрд теңге сомасына шетелдік капитал ағыны көрсетті. Бүкіл 4 тоқсан бойы 1,5 млрд АҚШ долл. мөлшерінде Ұлттық қорға арналған ҚР ҰБ ақша айырбастау операциялары да теңгенің нығаюына ықпал етті.

Бұл ретте рубльге қатысты теңге құнының 8,4%-ға өсуін атап өткен жөн, ол рубльдің АҚШ долларына қатысты (жылына -17,4%) теңгеге қарағанда (жылына -10,4%) айтарлықтай әлсіреуіне байланысты.

ТЕҢГЕНІҢ АҚШ ДОЛЛАРЫНА ЖӘНЕ РЕСЕЙ РУБЛІНЕ ҚАТЫСТЫ БАҒАМЫ



# БАНК СЕКТОРЫ

Банк секторының экономикаға әсерінің деңгейі 2020 жылы банктердің дағдарысты 2020 жылдағы активтерін өсіру нәтижесінде өсті. Корпоративтік сегментте де, бөлшек сегментте де кредиттеудің ұлғайған көлемі негізгі драйвер болды. Өз кезегінде, бөлшек кредиттеуде өсімнің негізгі драйвері халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қолдаудың белсенді шаралары нәтижесінде ипотекалық кредиттеу болып табылады («7-20-25», «Баспана Хит», «5-10-20»).

Сонымен қатар, бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды (кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу) іске асыру, сондай-ақ іскерлік белсенділікті қалпына келтіру есебінен шағын бизнесті кредиттеудің айтарлықтай өсуі байқалады.

ЕДБ АКТИВТЕРІНІҢ КӨЛЕМІ ЖӘНЕ ЕДБ АКТИВТЕРІНІҢ ҚР ЖІӨ-ДЕГІ ҮЛЕСІ



# БАНК СЕКТОРЫ

2020 жылы ҚР ЕДБ несие қоржыны 5%-ға өсіп, 14,6 трлн теңгені құрады.

Заңды тұлғалардың қарыздар қоржынын одан әрі қысқарту аясында (ж/ж -1,4%), жеке тұлғаларды кредиттеу секторында өсу жалғасты (+11,9%). Екінші деңгейдегі банктердің назары ипотекалық кредиттеу жағына бағытталды, осыған байланысты осы сегменттің кредиттік қоржыны ж/ж 32,3% (2019 жылы +32,0%) өсті. Сонымен қатар, өткен жылдары елеулі өсім көрсеткен тұтынушылық кредиттеу 2020 жыл ішінде елеусіз серпінді көрсетті. Өсім бір жыл бұрынғы 26,9%-ға қарағанда ж/ж 4,3% құрады.

Экономиканың нақты секторы субъектілеріне берілетін теңгелік кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2020 жылғы қазанда 12,1%-дан 11,8%-ға дейін (2020 жылғы мамырда 12,1%-дан 11,4%-ға дейін) және халыққа берілетін кредиттер (желтоқсанда 17,3%-дан 14,9%-ға дейін) төмендеді, бұған базалық мөлшерлеменің төмендеуі және бизнесті қолдау мен жеңілдікпен кредиттеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар әсер етті.

ЗТ ЖӘНЕ ЖТ КРЕДИТТЕРІ ТРЛН ТГ



# БАНК СЕКТОРЫ

2020 жылы сектордағы салымдардың жиынтық сомасы 21,6 трлн теңгені құрады, бұл 2019 жылға қарағанда 20%-ға көп. Экономикалық дағдарысқа қарамастан, салымшылардың банк секторына деген сенімі төмендемейді.

Банк жүйесіндегі жеке тұлғалар қаражатының көлемі бір жыл ішінде 18%-ға, 10,9 трлн теңгеге дейін немесе салымдардың жалпы көлемінің 51%-на өсті. Өз кезегінде, елдің банктеріндегі бизнес салымдары 10,6 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 23%-ға артық (+2 трлн теңге).

Мұндай өсудің мынадай негізгі себептерін атап өту маңызды: жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелері наурызда 9%-дан сәуірде 9,9%-ға дейін және мамырда 10,2%-ға дейін ұлғаю жағына қарай қайта қаралды; заңды тұлғалардың салымдары бойынша мөлшерлемелер ақпан айында 7,1%-дан наурызда 7,7%-ға дейін өзгерді; 2020 жылғы наурызда USD/KZT бағамының күрт кенет өзгеруі нәтижесінде валюталық салымдарды бағамдық қайта бағалау.

2020 жылдың қорытындылары бойынша жеке тұлғалар депозиттерінің долларландыру деңгейі 41,3%-дан 38,4%-ға дейін қысқарды, заңды тұлғалар депозиттерінің долларландыру деңгейі 44,8%-дан 36,2%-ға дейін төмендеді. Нәтижесінде, 2020 жылғы желтоқсанның соңында салымдардың 37,3%-ы валютамен көрсетілді (2019 жылғы желтоқсанда – 43,1%).

ЗТ ЖӘНЕ ЖТ САЛЫМДАРЫ ТРЛН ТГ



# БАНК СЕКТОРЫ

Көлемді көрсеткіштердің өсу қарқыны бойынша Сбербанк 2020 жылы активтерді, несие қоржынын ұлғайту және салымдарды тарту бойынша тиімді жұмыс нәтижесінде нарықтан озып кетті.

2020 vs 2019 АКТИВТЕРДІҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ, %




2020 VS 2019 НЕСИЕ ҚОРЖЫНЫНЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ, %




2020 vs 2019 САЛЫМДАРДЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ, %




Сапа көрсеткіштері тұрғысынан Сбербанк операциялық қызметтің тиімділігін арттыру, ішкі процестерді оңтайландыру, жұмыс жылдамдығын арттыру және несие қоржынының сапасын жақсарту бойынша тиімді жұмыс есебінен сектордан үздік болып табылады.

ROE, %




CIR, %




COR, %




NPL 90+, %



# 2020 ЖЫЛҒЫ ХҚЕС БОЙЫНША «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

**ТАЗА ПАЙДА**
құрады

**60,6** млрд теңге

**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІС**
(резервтерге дейінгі) алдыңғы жылмен салыстырғанда, 11,9% өсіп, құрады

**182,0** млрд теңге

**ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС**
өткен жылмен салыстырғанда 16,3%-ға өсіп, құрады

**125,0** млрд теңге

**ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІС**
өткен жылмен салыстырғанда 12,1%-ға өсіп, құрады

**25,8** млрд теңге

СБЕРБАНК

# АКТИВТЕР

- 2020 жылы банк активтері 44,4%-ға немесе 969,2 млрд теңгеге өсіп, 01.01.2021 ж. 3 152,8 млрд теңгені құрады.
- 01.01.2021 ж. кредиттік қоржын 1 549,7 млрд теңгені құрады. Бір жыл ішіндегі өсім 262,97 млрд теңгені немесе 20,4%-ды құрады. Банктің жиынтық активтеріндегі кредиттік қоржынның үлесі 49,2%-ды құрады.
- Ақша қаражаты мен оның баламалары 58,9%-ға немесе 317,4 млрд теңгеге өсіп, 856,4 млрд теңгені құрады. Есепті күнге активтердегі ақша қаражатының үлесі 27,2%-ды құрады.
- Бағалы қағаздар қоржыны 2020 жылы өткен кезеңмен салыстырғанда 158,1%-ға өсіп, 475,15 млрд теңгені құрады.

| млн теңге | 2020 | | 2019 | | 2018 | | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | % | абс. | % |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 856 394 | 27,2% | 538 987 | 24,7% | 505 008 | 27,0% | 317 407 | 58,9% | 33 979 | 6,7% |
| Басқа банктердегі қаражат | 111 905 | 3,5% | 55 732 | 2,6% | 17 634 | 0,9% | 56 173 | 100,8% | 38 098 | 216,0% |
| Туынды қаржылық құралдар | 82 293 | 2,6% | 42 423 | 1,9% | - | 0,0% | 39 870 | 94,0% | 42 423 | 0,0% |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар | 1 549 720 | 49,2% | 1 286 748 | 58,9% | 1 120 232 | 59,9% | 262 972 | 20,4% | 166 516 | 14,9% |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 475 151 | 15,1% | 184 086 | 8,4% | 163 070 | 8,7% | 291 065 | 158,1% | 21 016 | 12,9% |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | - | 0,0% | 1 213 | 0,1% | - | 0,0% | -1 213 | -100,0% | 1 213 | 0,0% |
| Негізгі құрал-жабдықтар | 38 473 | 1,2% | 38 724 | 1,8% | 30 964 | 1,7% | -251 | -0,6% | 7 760 | 25,1% |
| Материалдық емес активтер | 23 195 | 0,7% | 20 565 | 0,9% | 16 312 | 0,9% | 2 630 | 12,8% | 4 253 | 26,1% |
| Басқа активтер | 15 678 | 0,5% | 15 113 | 0,7% | 17 105 | 0,9% | 565 | 3,7% | -1 992 | -11,6% |
| Барлығы активтер | 3 152 809 | 100,0% | 2 183 591 | 100,0% | 1 870 325 | 100,0% | 969 218 | 44,4% | 313 266 | 16,7% |

# КЛИЕНТТЕРГЕ КРЕДИТТЕР

Өткен жылы кредиттік қоржын 295,1 млрд теңгеге немесе 20,6%-ға өсті, оның ішінде: ЗТ бойынша 8,3%-ға немесе 71,5 млрд теңгеге және ЖТ бойынша 39,6%-ға немесе 223,6 млрд теңгеге

| млн теңге | 2020 | | 2019 | | 2018 | | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | % | абс. | % |
| ЗТ кредиттері | 935 907 | 54,3% | 864 407 | 60,5% | 865 941 | 68,2% | 71 500 | 8,3% | -1 534 | -0,2% |
| ЖТ кредиттері | 788 527 | 45,7% | 564 963 | 39,5% | 403 490 | 31,8% | 223 564 | 39,6% | 161 473 | 40,0% |
| Барлығы кредиттік қоржын* | 1 724 434 | 100% | 1 429 370 | 100% | 1 269 431 | 100% | 295 064 | 20,6% | 159 939 | 12,6% |
| Кредиттік қоржынның құнсызданууына арналған резерв | -174 714 | | -142 622 | | -149 199 | | -32 092 | 22,5% | 6 577 | -4,4% |
| Барлығы кредиттік қоржын, нетто | 1 549 720 | | 1 286 748 | | 1 120 232 | | 262 972 | 20,4% | 166 516 | 14,9% |

* Есептелген кірістер мен клиенттерге берілген қарыздар бойынша дисконтты қамтиды

# КЛИЕНТТЕРГЕ КРЕДИТТЕР

| млн теңге | 2020 | | 2019 | | 2018 | | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | % | абс. | % |
| Жеке тұлғаларға тұтынушылық, тұрғын үй кредиттері және автокредиттеу | 788 527 | 45,7% | 564 963 | 39,5% | 403 490 | 31,8% | 223 564 | 39,6% | 161 473 | 40,0% |
| Сауда | 287 851 | 16,7% | 259 695 | 18,2% | 226 008 | 17,8% | 28 156 | 10,8% | 33 687 | 14,9% |
| Өндіріс | 201 781 | 11,7% | 189 258 | 13,2% | 218 626 | 17,2% | 12 523 | 6,6% | -29 368 | -13,4% |
| Қызметтер | 122 559 | 7,1% | 123 433 | 8,6% | 126 416 | 10,0% | -874 | -0,7% | -2 983 | -2,4% |
| Көлік | 75 401 | 4,4% | 94 327 | 6,6% | 90 868 | 7,2% | -18 926 | -20,1% | 3 459 | 3,8% |
| Кен өндіру өнеркәсібі | 74 035 | 4,3% | 48 945 | 3,4% | 49 523 | 3,9% | 25 090 | 51,3% | -578 | -1,2% |
| Жылжымайтын мүлікпен операциялар | 64 231 | 3,7% | 59 132 | 4,1% | 77 874 | 6,1% | 5 099 | 8,6% | -18 742 | -24,1% |
| Құрылыс | 53 433 | 3,1% | 48 535 | 3,4% | 45 436 | 3,6% | 4 898 | 10,1% | 3 099 | 6,8% |
| Ауыл шаруашылығы | 45 729 | 2,7% | 30 125 | 2,1% | 23 134 | 1,8% | 15 604 | 51,8% | 6 991 | 30,2% |
| Отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды өндіру | 5 390 | 0,3% | 984 | 0,1% | 1 515 | 0,1% | 4 406 | 447,8% | -531 | -35,0% |
| Білім беру | 4 411 | 0,3% | 5 214 | 0,4% | 5 598 | 0,4% | -803 | -15,4% | -384 | -6,9% |
| Басқалары | 1 086 | 0,1% | 4 759 | 0,3% | 943 | 0,1% | -3 673 | -77,2% | 3 816 | 404,7% |
| Барлығы кредиттік қоржын | 1 724 434 | 100% | 1 429 370 | 100% | 1 269 431 | 100,00% | 295 064 | 20,6% | 159 939 | 12,6% |

# ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

2020 жылы пайыздық кірістер 35,2%-ға өсіп, 243,8 млрд теңгені құрады

| млн теңге | 2020 | | 2019 | | 2018 | | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | % | абс. | % |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 12 173 | 5,0% | 6 028 | 3,3% | 4 447 | 3,0% | 6 145 | 101,9% | 1 581 | 35,6% |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 1 605 | 0,7% | 1 712 | 0,9% | 1 115 | 0,7% | -107 | -6,3% | 597 | 53,5% |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 24 101 | 9,9% | 7 901 | 4,4% | 10 797 | 7,2% | 16 200 | 205,0% | -2 896 | -26,8% |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын инвестициялық бағалы қағаздар | 565 | 0,2% | 525 | 0,3% | 474 | 0,3% | 40 | 7,6% | 51 | 10,8% |
| Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар | - | 0,0% | - | 0,0% | - | 0,0% | - | 0,0% | - | 0,0% |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | - | 0,0% | - | 0,0% | - | 0,0% | - | 0,0% | - | 0,0% |
| Сауда бағалы қағаздары | 6 058 | 2,5% | 2 541 | 1,4% | 127 | 0,1% | 3 517 | 138,4% | 2 414 | 1900,8% |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар | 198 754 | 81,5% | 161 403 | 89,5% | 133 633 | 88,7% | 37 351 | 23,1% | 27 770 | 20,8% |
| Кері «репо» шарттары | 559 | 0,2% | 261 | 0,1% | 100 | 0,1% | 298 | 114,2% | 161 | 161,0% |
| Барлығы пайыздық кірістер | 243 815 | 100% | 180 371 | 100% | 150 693 | 100% | 63 444 | 35,2% | 29 678 | 19,7% |

# ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРҒАН АКТИВТЕР ҚҰНЫ

Жұмыс істейтін активтердің орташа көлемі 2019 жылға қарай 29,5%-ға немесе 465,9 млрд теңгеге өсіп, 2 044 млрд теңгені құрады. Жұмыс істейтін активтердің орташа кірістілігі 2019 жылмен салыстырғанда 0,5 пайыздық тармаққа өсіп, 11,9%-ды құрады

| млн теңге | 2020 | | | 2019 | | | 2018 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Орташа қалдықтар | Пайыздық кірістер | Орташа кірістілік | Орташа қалдықтар | Пайыздық кірістер | Орташа кірістілік | Орташа қалдықтар | Пайыздық кірістер | Орташа кірістілік |
| | абс. | абс. | % | абс. | абс. | % | абс. | абс. | % |
| Ақша қаражаты және баламалар | 150 155 | 12 173 | 8,1% | 143 307 | 6 028 | 4,2% | 143 997 | 4 447 | 3,1% |
| Басқа банктердегі қаражат | 83 819 | 2 164 | 2,6% | 36 683 | 1 973 | 5,4% | 15 377 | 1 215 | 7,9% |
| Бағалы қағаздар | 391 977 | 30 724 | 7,8% | 194 790 | 10 967 | 5,6% | 185 568 | 11 398 | 6,1% |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар | 1 418 234 | 198 754 | 14,0% | 1 203 490 | 161 403 | 13,4% | 1 074 454 | 133 633 | 12,4% |
| Барлығы жұмыс істеп тұрған активтер | 2 044 184 | 243 815 | 11,9% | 1 578 269 | 180 371 | 11,4% | 1 419 396 | 150 693 | 10,6% |

# МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Банктің 2020 жылғы міндеттемелері 46,5%-ға немесе 905,4 млрд теңгеге ұлғайып, 2 853 млрд теңгені құрады

| млн теңге | 2020 | | 2019 | | 2018 | | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | % | абс. | % |
| Кредиттік мекемелердің қаражаты | 217 667 | 7,6% | 132 946 | 6,8% | 159 935 | 9,4% | 84 721 | 63,7% | -26 989 | -16,9% |
| Туынды қаржылық міндеттермелер | 2 087 | 0,1% | - | 0,0% | - | 0,0% | 2 087 | | - | 0,0% |
| «Репо» шарттары | 87 534 | 3,1% | 2 006 | 0,1% | - | 0,0% | 85 528 | 4263,6% | 2 006 | 0,0% |
| Корпоративтік клиенттердің қаражаты | 1 313 355 | 46,0% | 857 286 | 44,0% | 676 096 | 39,9% | 456 069 | 53,2% | 179 184 | 26,5% |
| Жеке тұлғалардың қаражаты | 934 809 | 32,8% | 785 827 | 40,3% | 791 546 | 46,7% | 148 982 | 19,0% | -5 719 | -0,7% |
| Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар | 21 201 | 0,7% | 51 299 | 2,6% | 50 944 | 3,0% | -30 098 | -58,7% | 355 | 0,7% |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер | 250 007 | 8,8% | 97 805 | 5,0% | - | 0,0% | 152 202 | 155,6% | 97 805 | 0,0% |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер | 387 | 0,0% | - | 0,0% | - | 0,0% | 387 | | - | 0,0% |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер | 3 386 | 0,1% | 3 169 | 0,2% | 2 477 | 0,1% | 217 | 6,8% | 692 | 27,9% |
| Өзге де міндеттемелер | 22 611 | 0,8% | 19 360 | 1,0% | 15 251 | 0,9% | 3 251 | 16,8% | 4 109 | 26,9% |
| Барлығы міндеттемелер | 2 853 044 | 100% | 1 947 692 | 100% | 1 696 249 | 100% | 905 352 | 46,5% | 251 443 | 14,8% |

СБЕРБАНК

# КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТЫ

Клиенттердің қаражаты міндеттемелердің жалпы көлемінің үлес салмағы 78,8% банкті қорландырудың негізгі көзі болып табылады

| млн теңге | | 2020 | | 2019 | | 2018 | | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | % | абс. | % |
| Корпоративтік клиенттер | Ағымдағы шоттар | 498 390 | 43,0% | 389 798 | 45,5% | 310 497 | 45,9% | 108 592 | 27,9% | 79 301 | 25,5% |
| | Мерзімді депозиттер | 573 995 | 49,5% | 465 482 | 54,3% | 365 599 | 54,1% | 108 513 | 23,3% | 99 883 | 27,3% |
| | «Репо» шарттары | 87 534 | 7,5% | 2 006 | 0,2% | | | 85 528 | 4263,6% | 2 006 | 0,0% |
| | Корпоративтік клиенттердің қаражаты | 1 159 919 | 55,4% | 857 286 | 52,2% | 676 096 | 46,1% | 302 633 | 35,3% | 181 190 | 26,8% |
| Жеке тұлғалар | Ағымдағы шоттар | 171 403 | 18,3% | 124 116 | 15,8% | 119 625 | 15,1% | 47 287 | 38,1% | 4 491 | 3,8% |
| | Мерзімді салымдар | 763 406 | 81,7% | 661 711 | 84,2% | 671 921 | 84,9% | 101 695 | 15,4% | -10 210 | -1,5% |
| | Жеке тұлғалардың қаражаты | 934 809 | 44,6% | 785 827 | 47,8% | 791 546 | 53,9% | 148 982 | 19,0% | -5 719 | -0,7% |
| Клиенттердің қаражаты | | 2 094 728 | 100% | 1 643 113 | 100% | 1 467 642 | 100% | 451 615 | 27,5% | 175 471 | 12,0% |

СБЕРБАНК

# КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТЫ

| млн теңге | 2020 | | 2019 | | 2018 | | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | % | абс. | % |
| Тұтынушыларға қызмет көрсету | 271 431 | 20,7% | 160 288 | 18,7% | 161 340 | 23,9% | 111 143 | 69,3% | -1 052 | -0,7% |
| Қаржылық, инвестициялық қызмет | 240 010 | 18,3% | 74 578 | 8,9% | 59 084 | 8,7% | 165 432 | 221,8% | 15 494 | 26,2% |
| Сауда | 207 089 | 15,8% | 152 496 | 17,8% | 110 820 | 16,4% | 54 593 | 35,8% | 41 676 | 37,6% |
| Жылжымайтын мүлік және құрылыс | 206 281 | 15,7% | 145 344 | 17,0% | 93 202 | 13,8% | 60 937 | 41,9% | 52 142 | 55,9% |
| Өндіріс | 126 320 | 9,6% | 156 894 | 18,3% | 111 917 | 16,6% | -30 574 | -19,5% | 44 977 | 40,2% |
| Сақтандыру және зейнетақы қорлары | 80 668 | 6,1% | 78 366 | 9,2% | 71 838 | 10,6% | 2 302 | 2,9% | 6 528 | 9,1% |
| Кен өндіру өнеркәсібі | 72 366 | 5,5% | 28 850 | 3,4% | 19 528 | 2,9% | 43 516 | 150,8% | 9 322 | 47,7% |
| Мұнай-газ өнеркәсібі | 41 868 | 3,2% | 13 142 | 1,5% | 7 523 | 1,1% | 28 726 | 218,6% | 5 619 | 74,7% |
| Көлік және байланыс | 25 606 | 1,9% | 15 728 | 1,8% | 17 962 | 2,7% | 9 878 | 62,8% | -2 234 | -12,4% |
| Ауыл шаруашылығы | 24 364 | 1,9% | 17 683 | 2,1% | 14 530 | 2,1% | 6 681 | 37,8% | 3 153 | 21,7% |
| Басқасы | 15 354 | 1,2% | 11 012 | 1,3% | 8 268 | 1,2% | 4 342 | 39,4% | 2 744 | 33,2% |
| Мемлекеттік басқару | 1 998 | 0,2% | 899 | 0,1% | 84 | 0,0% | 1 099 | 122,2% | 815 | 970,2% |
| Барлығы корпоративтік клиенттердің қаражаты | 1 313 355 | 100% | 855 280 | 100% | 676 096 | 100% | 458 075 | 53,6% | 179 184 | 26,5% |

СБЕРБАНК

# ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫНДАР

2020 жылы пайыздық шығындар 63,1%-ға өсіп, 118,8 млрд теңгені құрады

| млн теңге | 2020 | | 2019 | | 2018 | | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | менш. салмақ | абс. | % | абс. | % |
| Кредиттік мекемелердің қаражаты | -7 345 | 6,2% | -8 081 | 11,1% | -8 220 | 10,4% | 736 | -9,1% | 139 | -1,7% |
| Корпоративтік клиенттердің және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары | - | 0,0% | - | 0,0% | -2 166 | 2,7% | - | 0,0% | 2 166 | -100,0% |
| Корпоративтік клиенттердің мерзімді салымдары | -37 773 | 31,8% | -25 440 | 34,9% | -20 796 | 26,4% | -12 333 | 48,5% | -4 644 | 22,3% |
| Жеке тұлғалардың мерзімді салымдары | -38 646 | 32,5% | -32 970 | 45,3% | -42 961 | 54,5% | -5 676 | 17,2% | 9 991 | -23,3% |
| Бағалы қағаздармен «репо» шарттары | -5 367 | 4,5% | -1 811 | 2,5% | -420 | 0,5% | -3 556 | 196,4% | -1 391 | 331,2% |
| Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар | -3 917 | 3,3% | -4 438 | 6,1% | -4 208 | 5,3% | 521 | -11,7% | -230 | 5,5% |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер | -25 541 | 21,5% | - | 0,0% | - | 0,0% | -25 541 | 0,0% | - | 0,0% |
| Жалға алу бойынша міндеттемелер | -238 | 0,2% | -118 | 0,2% | - | 0,0% | -120 | 101,7% | -118 | 0,0% |
| Барлығы пайыздық шығындар | -118 827 | 100% | -72 858 | 100% | -78 771 | 100% | -45 969 | 63,1% | 5 913 | -7,5% |

# АҚЫЛЫ ПАССИВТЕРДІҢ БАҒАСЫ

Ақылы пассивтердің орташа бағасы 2019 жылмен салыстырғанда 0,1 пайыздық пунктқа өсіп, 4,2%-ды құрады

| млн теңге | 2020 | | | 2019 | | | 2018 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Орташа қалдықтар | Пайыздық шығындар | Орташа құны | Орташа қалдықтар | Пайыздық шығындар | Орташа құны | Орташа қалдықтар | Пайыздық шығындар | Орташа құны |
| | абс. | абс. | % | абс. | абс. | % | абс. | абс. | % |
| Кредиттік мекемелердің қаражаты | 175 307 | 12 712 | 7,3% | 146 441 | 9 892 | 6,8% | 158 067 | 8 640 | 5,5% |
| Клиенттердің қаражаты | 1 989 406 | 76 419 | 3,8% | 1 555 378 | 58 410 | 3,8% | 1 407 658 | 65 923 | 4,7% |
| Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар | 36 250 | 3 917 | 10,8% | 51 122 | 4 438 | 8,7% | 52 671 | 4 208 | 8,0% |
| Барлығы ақылы пассивтер | 2 200 962 | 93 048 | 4,2% | 1 752 940 | 72 740 | 4,1% | 1 618 396 | 78 771 | 4,9% |

# БАНКТІҢ ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІСІ

Банктің таза комиссиялық кірісі 2019 жылға қарай 12,1%-ға немесе 2,8 млрд теңгеге өсіп, 2020 жылы 25,8 млрд теңгені құрады

| млн теңге | 2020 жыл | 2019 жыл | 2018 жыл | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | абс. | абс. | абс. | абс. | % | абс. | % |
| Комиссиялық кірістер | 43 564 | 37 252 | 31 341 | 6 312 | 16,9% | 5 911 | 18,9% |
| Төлем карталарымен операциялар | 15 831 | 12 946 | 11 254 | 2 885 | 22,3% | 1 692 | 15,0% |
| Есеп айырысу операциялары | 9 043 | 9 036 | 7 825 | 7 | 0,1% | 1 211 | 15,5% |
| Агенттік қызметтер | 5 625 | 1 648 | 678 | 3 977 | 241,3% | 970 | 143,1% |
| Кассалық операциялар | 3 727 | 4 425 | 4 530 | -698 | -15,8% | -105 | -2,3% |
| Пакеттік ұсынымдар | 3 322 | 3 026 | 2 109 | 296 | 9,8% | 917 | 43,5% |
| Берілген кепілдіктер | 2 669 | 2 822 | 1 781 | -153 | -5,4% | 1 041 | 58,5% |
| Шетел валютасымен операциялар | 1 611 | 1 833 | 1 806 | -222 | -12,1% | 27 | 1,5% |
| Құжаттық есептер | 597 | 259 | 260 | 338 | 130,5% | -1 | -0,4% |
| Басқасы | 1 139 | 1 257 | 1 098 | -118 | -9,4% | 159 | 14,5% |
| Комиссиялық шығындар | -17 741 | -14 210 | -9 676 | -3 531 | 24,8% | -4 534 | 46,9% |
| Таза комиссиялық кіріс | 25 823 | 23 042 | 21 665 | 2 781 | 12,1% | 1 377 | 6,4% |

# ПАЙЫЗСЫЗ КІРІС

Банктің пайыздық емес кірістері 3,0%-ға немесе 0,96 млрд теңгеге төмендеді.

| млн теңге | 2020 жыл | 2019 жыл | 2018 жыл | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | абс. | абс. | абс. | абс. | % | абс. | % |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды тануды тоқтату нәтижесінде таза шығындар | -9 | - | 169 | -9 | 0,0% | -169 | -100,0% |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздармен операциялар бойынша таза пайдалар | 20 | 8 | - | 12 | 150,0% | 8 | 0,0% |
| Туынды қаржы құралдары бойынша және шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер | 31 025 | 31 855 | 26 453 | -830 | -2,6% | 5 402 | 20,4% |
| Мемлекеттік субсидиялардан түскен кіріс | - | 258 | 1 144 | -258 | -100,0% | -886 | -77,4% |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін бастапқы тану нәтижесінде таза шығындар | - | - | -297 | - | 0,0% | 297 | -100,0% |
| Өзге де кіріс | 726 | 651 | 933 | 75 | 11,5% | -282 | -30,2% |
| Өзге де шығындар | -591 | -637 | -1 310 | 46 | -7,2% | 673 | -51,4% |
| Пайызсыз кірістер | 31 171 | 32 135 | 27 092 | -964 | -3,0% | 5 043 | 18,6% |

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

2019 жылмен салыстырғанда Банктің операциялық шығындары есепті кезеңде 14,4%-ға (+7,4 млрд теңге) өсті және 58,4 млрд теңгені құрады

| млн теңге | 2020 жыл | 2019 жыл | 2018 жыл | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | | 2018 ж. қарай 2019 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | абс. | абс. | абс. | абс. | % | абс. | % |
| Қызметкерлерге арналған шығындар | 28 441 | 27 212 | 22 803 | 1 229 | 4,5% | 4 409 | 19,3% |
| Әкімшілік-шаруашылық шығындар | 16 650 | 12 551 | 14 458 | 4 099 | 32,7% | -1 907 | -13,2% |
| Негізгі құралдардың амортизациясы | 9 327 | 7 510 | 5 846 | 1 817 | 24,2% | 1 664 | 28,5% |
| Салымдарды кепілді сақтандыру жөніндегі шығындар | 2 708 | 2 507 | 2 955 | 201 | 8,0% | -448 | -15,2% |
| Пайдаға салынатын салықтан басқа салықтар | 1 278 | 1 262 | 1 088 | 16 | 1,3% | 174 | 16,0% |
| Барлығы операциялық шығындар | 58 404 | 51 042 | 47 150 | 7 362 | 14,4% | 3 892 | 8,3% |

# ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШҚОРЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

31.12.2020 ж. жағдай бойынша борышқорлық бағалы қағаздар номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 11,00% және өтеу мерзімі 2021 ж. болатын теңгеде деноминацияланған облигациялардың бір эмиссиясымен ұсынылды.
2020 жылда банк SBERb9 купондық облигацияларын жоспарлы өтеуді жүзеге асырды.
2020 жылғы 31 желтоқсанда шығарылған облигациялардың баланстық құны 20,98 млрд теңгені құрады.

# МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ЖЕТКІЛІКТІГІ

| Меншікті капиталдың құрылымы | 2020 | 2019 | 2019 ж. қарай 2020 ж. өсім | |
|---|---|---|---|---|
| | млн теңге | млн теңге | млн теңге | % |
| Жарғылық капитал | 51 500 | 51 500 | - | 0% |
| Жинақталған ашылған резерв | 23 893 | 23 893 | - | 0% |
| Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы | 160 601 | 92 694 | 67 907 | 73% |
| Ағымдағы жылдың бөлінбеген пайдасы | 60 503 | 67 907 | -7 404 | -11% |
| Қайта бағалау бойынша резервтер | 3 249 | -39 | 3 288 | - |
| Материалдық емес активтер | 23 195 | 20 565 | 2 630 | 13% |
| Барлығы капитал | 276 551 | 215 390 | 61 161 | 28,4% |

2020 жылы меншікті капитал 28,4%-ға немесе 61,2 млрд теңгеге, оның ішінде банктің таза пайдасы есебінен 60,5 млрд теңгеге ұлғайды.
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған 12 838 826 акция (99,99%) бас компанияға тиесілі.
Реттеушінің талаптарына сәйкес есептелген капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттері ең аз қажетті деңгейден асады. 2020 жыл ішінде банк өз капиталының жеткіліктілігі нормативтеріне қатысты барлық белгіленген талаптарды сақтады.

| млн теңге | Реттеушінің нормативтері | 2020 | 2019 |
|---|---|---|---|
| Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті k1–1 | min 9,5% | 17,22% | 14,25% |
| Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті k1–2 | min 10,5% | 17,22% | 14,25% |
| Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті k2 | min 12,0% | 17,22% | 14,25% |

# 04

«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ 2020 ЖЫЛДАҒЫ
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## БӨЛШЕК БИЗНЕС

- 2020 жылдың қорытындысы бойынша белсенді клиенттер саны 166 мың адамға немесе 16%-ға артты
- 2020 жылы бөлшек бизнестің несие қоржыны бойынша өсім 37%-ды құрады, бұл, өз кезегінде, нарық бойынша өсімнен 3 есе артық
- 2020 жылдың қорытындысы бойынша кредиттер бойынша нарықтағы үлес 10,4%-ды құрады
- 2019 жылмен салыстырғанда, төлем карталарын шығару 2020 жылы 7%-ға өсті
- Өнімдерді онлайн сату үлесі 2020 жылы 10 п. п. өсті
- Сбербанк Онлайн ай сайын белсенді клиенттер санының өсуі +70%-ды құрады



# 2020 ж. бөлшек бизнестің маңызды жетістіктері мен жобалары

СБЕРБАНК

## КРЕДИТТЕУ:

- 2020 жылы Сбербанк Онлайн «Сенімгерлік кредит» өнімі бойынша кредиттеу және виртуалды Кредит карталарын шығару процесінің E2E таралымын жүзеге асырды;
- Сбербанк ҚР банктері арасында бірінші болып, Банктің ЭЦҚ пайдалана отырып, «Сенімгерлік кредит» онлайн кредиттеу процесі бойынша онлайн сақтандыруды іске асырды;
- 2020 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап клиенттердің барлық санаттары үшін Сенімгерлік кредиттерді ішкі және сыртқы қайта қаржыландыру жаңартылды;
- Тәуелсіз бағалау компаниясынан баға беруді тоқтатудың арқасында автокредиттеу уақыты қысқартылды;
- Сатылымдар географиясы кеңейтіліп, Құлсары қаласында, Қостанай және Түркістан облыстарында қаржыландыру ашылды;
- Пайдаланылған автокөлік сатып алуды кредиттеу шарттарына өзгерістер енгізілді;
- Барлық кепілдік кредиттер бойынша несиенің максималды сомасы ұлғайтылды;
- Банк Баспана және «7-20-25» ипотекалық кредиттеудің мемлекеттік бағдарламалары бойынша көшбасшылықты сақтап отыр, нарықтағы үлесі 52%;
- Жеке тұлғалар клиенттерді қайта құрылымдау кезінде құжаттамаға онлайн қол қою мүмкіндігімен СБОЛ-да кредиттерді қайта құрылымдау функционалы іске асырылды.

## САЛЫМДАР:

- Сбербанк картасына жалақы алатын клиенттер үшін жоғарылатылған сыйақы мөлшерлемесімен «Онлайн жалақы салымы» енгізілді;
- Депозит кепілімен ЖТ және ЗТ кредиттеу үшін «Кепілгер» жаңа салымы енгізілді.

## DIGITAL ЖӘНЕ ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫ:

- Сбербанк Онлайнда депозиттерді, кредиттерді, виртуалды картаны онлайн рәсімдеу мүмкіндігімен клиенттердің E2E онбординг процесі іске асырылды;
- «MonoCard Visa ALL IN» жаңа біріздендірілген карталық өнімі іске қосылды;
- Жанасусыз төлем жасау үшін Samsung телефондарында карталарды токендеу мүмкіндігімен «Samsung Pay» (Visa&Mastercard) сервисі іске қосылды;
- Картаны лезде қайта шығару және қосымша карта шығару сервисі іске асырылды;
- Банкке бір жүгіну арқылы клиенттің картаны лезде алуы жүзеге асырылды;
- Сбербанк Онлайнда PIN-кодты орнату және ауыстыру енгізілді;
- Арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй төлемдерін алуға арналған шоттар Сбербанк Онлайнға шығарылды;
- Сбербанк Онлайн арқылы салық берешегін төлеу енгізілді;
- Мобильді қосымшада және Web Сбербанк Онлайнда чектердің қайта дизайны жүргізілді.

## КОМИССИЯЛЫҚ ӨНІМДЕР:

- Сбербанк Онлайнға Тәжікстанға AlifBank картасының шоттарына (Корти милли ТЖ), Қырғызстанға Элькарт карталарына, Өзбекстанға UzCard карталарына аударымдар енгізілді;
- Қазақстаннан Ресейге және Ресейден Қазақстанға телефон нөмірі бойынша P2P аударымдары енгізілді;
- Сбербанк Онлайн жүйесінде Федералды қазынашылық Басқармасына (мемлекеттік бюджет және білім беру) аударымдар іске қосылды;
- Жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдар мен Сбербанк Онлайн салық берешегін online режимінде төлем қабылдау жүзеге асырылды.

## КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

- 2020 ж. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ ел экономикасын 1000 млрд теңге көлемінде қаржыландырды
- 2020 жылы белсенді корпоративтік клиенттер саны 24,7%-ға артты
- «SberBusiness» арқылы ЗТ төлемдер саны төлемдердің жалпы санынан 98%-ын құрады
- Онлайн сату үлесінің көрсеткіші 7 п. п. өсті.
- Онлайн шығыс операциялары үлесінің көрсеткіші де 39 п. п. өсуді көрсетті.
- Онлайн кіріс операциялары үлесінің көрсеткіші 21 п. п. артты.

# 2020 ж. корпоративтік бизнестің маңызды жетістіктері мен жобалары




## КРЕДИТТЕУ:

- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ – Қазақстан Республикасының ірі қаржылық институты. Банк Қазақстандағы шетелдік ЕДБ арасында қаржыландыру көлемі бойынша бірінші болып табылады. «Сбербанк» ЖАҚ қолдауы және Сбербанк Тобымен синергия Банктің көшбасшы ретіндегі позициясы келесі 5 жылда шетелдік ЕДБ арасында сақталады деп айтуға мүмкіндік береді;
- Қазақстан экономикасы үшін маңызды мұнай-газ өнеркәсібі, энергетика, автомобиль жасау және азық-түлік өндіру салаларындағы ірі компаниялар қаржыландырылды;
- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ШОБ қолдау жөніндегі Қаржылық реттеу агенттігінің бағдарламасы аясында банк көптеген клиенттеріне қайта құрылымдау жүргізді;
- Нұр-Сұлтан қаласында 6 жаңа мектеп салу жөніндегі ірі әлеуметтік жоба мақұлданды;
- ЖК және ЖШС үшін корпоративтік кредиттік карта енгізілді;
- ЖК үшін скоринг процесінде онлайн шешім қабылдау жүзеге асырылды;
- Банктің жұмыс істеп тұрған клиенттері үшін алдын ала мақұлданған лимиттері енгізілді.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС:

- Сауданы қаржыландырудың 300 мәмілесі орындалды (оның ішінде сақтандыру өтемі бар мәмілелер);
- РФ мен Сингапурдың ірі компанияларына сауданы қаржыландыруға қарыздар/дисконттау берілген;
- Бес жаңа контрагентпен бас келісімдер жасалды және 3 лоро шот ашылды.

## КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

Сбербанк түрлі даму институттарының («Даму» КДҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (ҚДБ) және т. б.) қатысуымен көптеген мемлекеттік бағдарламалардың белсенді қатысушысы болып табылады:

- «Бизнестің жол картасы 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы сомасы 596,33 млрд теңгеге 2 878 жоба мақұлданды;
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ бағдарламасы аясында «Жинақ банкі» АҚ ЕБ 1,7 млрд теңге көлемінде қаражат алды, бағдарламаның жалпы көлемі 40,8 млрд теңгені құрады;
- «Даму Өңірлер III» ШОКС өңірлік басым жобаларын қаржыландыру бағдарламасы аясында «Жинақ банкі» АҚ ЕБ «Даму» КДҚ» АҚ-нан қосымша 13 млрд теңге көлемінде қаражат алды, бағдарламаның жалпы көлемі 41 млрд теңгені құрады;
- Шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламалары аясында «Жинақ банкі» АҚ ЕБ «Даму» КДҚ» АҚ-нан қосымша 3,2 млрд теңге көлемінде қаражат алды;
- Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы ірі кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бағдарламасы аясында «Жинақ банкі» АҚ ЕБ «ҚДБ» АҚ-нан қосымша 3,6 млрд теңге көлемінде қаражат алды, бағдарламаның жалпы көлемі 15,1 млрд теңгені құрады;
- ШОБ қолдау бағдарламасы аясында «Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ-нан 131,3 млрд теңге тартылды, оның ішінде 122,3 млрд теңге қаржыландырылды.

# 2020 ж. корпоративтік бизнестің маңызды жетістіктері мен жобалары

### МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР АЯСЫНДА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ:

«Бизнестің жол картасы 2020-2025» бағдарламасы аясында ірі жобалар арасында мынадай жобалар қаржыландырылды:

- Медициналық орталық үшін жоғарыдәлдікті заманауи жабдық (МРТ/КТ-аппараттар), тамырлардың ультрадыбыстық диагностикасына арналған жабдық, диагностикалық медициналық орталық үшін заманауи жабдық сатып алу;
- Нан-тоқаш өнімдерін өндіретін кәсіпорын үшін еуропалық сапа стандарттарына сай келетін нан өндіруге арналған жаңа неміс жабдығын сатып алу;
- Полипропиленді екінші рет қайта өңдеудің жаңа кәсіпорнын ұйымдастыруға арналған жабдықты сатып алу және жеткізу;
- Ірі габаритті табақтарды бұрғылаудың және термиялық кесудің қосымша желісін сатып алу;
- Музыка мектеп-студиясының үй-жайын сатып алу, жөндеу және қажетті жабдықпен жарақтандыру және т. б.

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ:

- 2010 жылдан бастап Сбербанк «Бизнестің жол картасы 2020-2025», Тетік, «Нұрлы Жер», БҰҰДБ бағдарламаларын іске асыру бойынша Қазақстан Республикасының ЕДБ арасында белсенді қатысушы және көшбасшылардың бірі болып табылады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Даму» КДҚ» АҚ Басқарма Төрағасының атынан банкке алғыс хат табыс етілді;
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ БҰҰ Даму бағдарламасының халықаралық экологиялық жобасын 3 жыл мерзімге қаржыландырған алғашқы банк болды. (қазіргі уақытта осындай 10-ға жуық жоба бар);
- Сбербанк Тобы және «Жинақ банкі» АҚ Еншілес Банкі Қазақстанның бизнес-қоғамдастығы үшін бірегей құрал – «Онлайн Бизнес-миссияны» ұсынды. Бұл бастама қазақстандық кәсіпкерлерді қолдау және оларды халықаралық іскерлік қоғамдастыққа ықпалдасу мақсатында әзірленді.
  «Онлайн Бизнес миссиясы» ресейлік кәсіпкерлер өз кәсіпорындары мен өнімдерін шетелдік сатып алушыларға ұсынатын салалық онлайн кездесуді ұйымдастыруды қамтиды;
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарлар мен өнімдерді экспорттауға бағытталған жобаларды қаржыландыруға белсенді қатысады. Еліміздің экспорттық әлеуетін арттыру үшін маңызды жобаларды іске асыруда «KazakhExport» ЭСК» АҚ-мен ынтымақтастық аясында Қазақстанда құрастырылған автокөліктердің Өзбекстанға экспортын қаржыландыру бойынша мәміле жүзеге асырылды. Банк «СарыаркаАвтоПром» ЖШС алаңында бірлесіп өндірілген автокөліктердің экспортын ұлғайту үшін елдер арасындағы уағдаластық аясында JAC S3 және JAC S5 маркалы автокөліктерді Өзбекстан нарығына жеткізуді қаржыландырды.

# Корпоративтік клиенттерге арналған «Жинақ банкі» АҚ ЕБ ағымдағы өнімдері мен сервистері

## БАНКТЕ КРЕДИТТЕУ ӨНІМДЕРІНІҢ КЕЛЕСІ ЖЕЛІСІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ:

- Корпоративтік кредиттеу (қарыз алушының ағымдағы қызметін қаржыландыру, сондай-ақ бизнесті кеңейту және жаңғырту, қарызды өтеу ағымдағы қызметтен ағындар есебінен жүргізіледі, 5 жылға дейінгі мерзімге);
- Овердрафттық кредиттеу (қарыз алушының шотында қаражат уақытша болмаған кезде, ағымдағы қызметті жүзеге асыру мақсатында шұғыл төлемдерді жүзеге асыру үшін қаржыландыру, қарызды өтеу ағымдағы қызметтен ағындар есебінен жүргізіледі, 12 айға дейінгі мерзімге);
- Келісімшарттық кредиттеу (осы келісімшарттарды орындау барысында түсетін ақша қаражатын қамтамасыз етуге қарыз алушының ағымдағы қызметі аясында келісімшарттар бойынша шығындарды қаржыландыру, 3 жылға дейінгі мерзімге). Өнім екі бағытқа бөлінеді – - сауданы және жұмыс/қызмет көрсету саласын қаржыландыру), ақша кепіліне кредит беру (5 жылға дейінгі мерзімге қарыз алушы қызметінің мақсаттарына ақша қаражатын (жинақ шоттарында орналастырылған) кепілге қарыз алушыларды қаржыландыру);
- Жобалық қаржыландыру (қарыз алушылардың инвестициялық жобалары аясында шығындарды қаржыландыру, қарыз қаржыландырылатын жобадан пайда болатын ағындардан өтеледі, 10 жылға дейінгі мерзімге);
- Құрылыс жобаларын қаржыландыру: тұрғын жылжымайтын мүлік құрылысын және коммерциялық жылжымайтын мүлік құрылысын қаржыландыру (қаржыландыру шарттары мен қарыз алушыға қойылатын талаптар заңнаманың ерекшелігі мен құрылыс саласы бөлігінде бар салалық ерекшеліктер ескеріле отырып құрылған);
- Конкурстарға/тендерлерге қатысуды, шарттар бойынша міндеттемелерді орындауды, аванстық төлемді қайтаруды және т. б. қоса алғанда, кез келген мақсаттарға кредиттік желілер аясында корпоративтік клиенттерге банктік кепілдіктерін беру;
- Айналым қаражатын толықтыру және инвестициялар мақсатында ЖК және ЖШС үшін скорингтік қарыздар.

## ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ ӨНІМДЕРДЕН БАНК КЕЛЕСІЛЕРДІ ҰСЫНАДЫ:

- Ағымдағы шоттар мен салымдарды, оның ішінде онлайн, ашу;
- Ұлттық және шетел валютасындағы аударым операциялары;
- Қолма-қол ақшамен операциялар;
- Конверсиялық операциялар (оның ішінде Sales desk сервисі және FX платформасы);
- Төлем тапсырмаларын сызықша кодтау;
- Сейфтік сақтау;
- Эскроу-шоттарды ашу;
- ЗТ/ЖК үшін мобильді банкинг, Сбербанк Бизнес Онлайн қашықтан қызмет көрсету;
- Дәстүрлі және кешенді инкассация, өзін-өзі инкассациялау;
- Пакеттік ұсынымдар;
- Жалақы жобасы;
- Бизнес-карта және Кредиттік Бизнес-карта;
- Шотты онлайн резервтеу;
- Эквайринг;
- Валюталық бақылау;
- Электрондық чек (ЗТ АТМ арқылы ақша алу);
- Банктік емес сервистер.



СБЕРБАНК

## ЭКОЖҮЙЕ

2020 жылы Сбербанк өз экожүйесін іске қосты, бұл клиенттерге қаржылық қызметтерді ғана емес, клиенттерді күнделікті сүйемелдейтін басқа да қызмет салаларынан сервистерді алуға мүмкіндік береді.

Жұмыс екі бағытта жүргізіледі: Сбербанк экожүйесінің табысты сервистері мен қызметтерін енгізумен қатар, қазақстандық жергілікті өнімдер де дамуда.

**2020 ж. негізгі жетістіктері:**

- Юmoney әмияндарын сәйкестендіру сервисі енгізілді;
- OKKO онлайн-кинотеатрымен серіктестік бағдарлама іске қосылды, алаңшаға жергілікті контент қосылды (40-тан астам фильм, оның ішінде қазақ тілінде);
- Sberbank travel әуебилеттерін сатып алуға арналған меншікті алаңшасы іске қосылды;
- NURKassa-мен серіктестікте ONLINE KACCA іске қосылды;
- Қаржылық емес сервистер енгізілді (нарықты маркетингтік зерттеулер, бизнес-жоспарларды, бизнес-тұсаукесерлерді әзірлеу, SEO, PPC, Email-маркетинг);
- SMART SATU-мен бірлесіп, B2B FMCG өнім кешені - дүкендер мен дистрибуторлар үшін кешенді шешім енгізілді.

## E-COMMERCE

Интернет-эквайрингті дамыту бойынша белсенді жұмыс өткізіледі:

- Осылайша, банктің меншікті интернет-эквайрингіне 2020 ж. бірқатар ірі провайдер қосылды;
- 2020 ж. қорытындысы бойынша Apple pay және Samsung pay интернет-эквайрингтің барлық мерчанттарында таралған, пысықтаудың арқасында төлем қадамдары айтарлықтай қысқарды және конверсия ұлғайды.



## ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІ

01.01.2021 Ж. БАНКТІҢ ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІСІ БАНКТІҢ 110 БӨЛІМШЕСІНЕН, ОНЫҢ ІШІНДЕ 17 ФИЛИАЛДАН ТҰРАДЫ.

Филиалдық желіні дамыту жоспарын іске асыру аясында 2020 жылы 10 жаңа бөлімше ашылып, 6 бөлімшенің орны ауыстырылды.

Банк бөлімшелері банктік қызмет көрсетудің ең заманауи стандарттарына сәйкес келеді. Ең жаңа банктік технологиялар келіп түсетін сұраныстарды ең қысқа мерзімде өңдеуге, талдауға және орындауға мүмкіндік береді, операциялық залдардың функционалдық инфрақұрылымы клиенттерге қызмет көрсету үшін барынша қолайлы жағдайлар жасайды.

БАНКТІҢ ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІСІН ДАМЫТУ МІНДЕТТЕРІ:

- Филиалдық желіні қарқынды дамыту, облыстық және өндірістік орталықтарда банктің болуын кеңейту;
- Филиал бөлімшелерінің пайдалы және тиімді жұмысын қамтамасыз ету, ашық бөлімшелердің өтелімділігіне қол жеткізу.



## АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Банк секторының цифрлық түрлендіру процестері 2020 жылғы пандемия кезінде едәуір жылдамдатылды. Экономикалық жағдай, технологиялық ілгерілеу, тұтынушылардың мінез-құлқының өзгеруі, сыртқы ойыншылар тәуекелі, сектордағы тоқырау – мұндай өзгерістер қазіргі шындықта тұрақты болып табылады. Клиенттік сервисті жақсарту үшін банк цифрлық түрлендіру жолында жылдамдады, клиенттер туралы жаңа деректер көздерін іздей бастады, тиімділікті, қауіпсіздікті, жылдамдықты арттыру үшін және сапаның төмендеуінсіз реттеушінің талаптарына сәйкес келу үшін клиенттік базамен жұмыс жасауда және құнды құру тізбегінде AI/ML (жасанды сана / машиналық оқыту) қолдануды үйренді.

### 2020Ж. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР:

- Сбербанк ЖАҚ «Бірыңғай Алдыңғы Жүйе» платформасының сервистерін қайта пайдалану және таралымын көбейту жүзеге асырылды;
- Деректерді сақтау желісін жаңғырту жүргізілді, бұл істен шығуға төзімділікті қамтамасыз етуге және деректерді сақтау желісінің өнімділігін 4 есе арттыруға мүмкіндік берді;
- Деректер базасын жаңа қуаты жоғарырақ серверге көшіру жүзеге асырылды, бұл онлайн процессингтің бос тұруын 30 минуттан 1 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді;
- Өндірістік процесті әзірлеуден өнеркәсіптік ортаға жеткізуге дейін автоматтандыру енгізілді;
- Банк жүйелерін функционалдық, автоматтандырылған және жүктемелік тестілеу тәжірибесі енгізілді.

### 2020Ж. БАНКОМАТ ЖЕЛІСІН ДАМЫТУ:

- Бірыңғай платформаға ауысу: өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары паркіне Webius БҚ таралымы аяқталды, нәтижесінде операция жүргізу уақыты қысқарды, NCR және ATT модельдеріндегі интерфейс жақсарды;
- Webius жаңарту: RTM-де контентті автоматты түрде жаңарту және барлық RTM-де контентті жаңарту, интерфейстегі UX/UI жетілдірілген, клиенттің кері байланыс ұсынудың мүмкіндігі.
- ATM-де NFC байланыссыз операциялар технологиясы енгізілді, VISA және MasterCard сертификаттауынан өтті. Нәтижесінде карт-ридерлердің тозуын азайту арқылы желінің бос тұруы қысқартылды;
- Диспуттар бойынша процестің реинжинирингі: өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларында банк карталары бойынша диспуттық жағдайларды қараудың жаңа процесі іске қосылды, өтініштің, техникалық қорытындының нысандары оңтайландырылды, жаңа WhatsApp өтініштер беру арнасы құрылды;
- ATM паркі кеңейтілді және жаңартылды, өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының болу географиясы кеңейтілді.



## AI ТҮРЛЕНДІРУ:

2020 ж. Сбербанкті технологиялық компанияға айналдыру үшін маңызды болды – AI-түрлендіру басталды.

Бұл жіксіз клиенттік тәжірибені қамтамасыз етуге және жаңа технологияларды пайдалануға бағытталған 2020-2023 деректермен жұмыс істеу стратегиясын іске асыру жолындағы маңызды кезең.

Біздің цифрлық сервистерді ұсыну сапасымен және жылдамдығымен жұмыс істеу, біздің процестерге жасанды сана элементтерін ендіру 2020 жылы өз нәтижесін берді:

- Сөйлеу технологияларын енгізу есебінен Байланыс орталығында клиенттерді авторизациялау уақыты қысқартылды;
- Сөйлеу технологиялары орталығының дауыстық чат-боты іске қосылды;
- Қызмет көрсету уақытын қысқарту үшін биометрия негізінде клиентті сәйкестендіру іске қосылды;
- Компьютерлік көру технологиясы негізінде клиенттерді онлайн тіркеу іске қосылды;
- Компьютерлік көру технологиясының негізінде бейненің шапшаңдылығын онлайн тану іске қосылды.

Data Science және жасанды сананы қолдану ағымдағы және әлеуетті клиенттер туралы көбірек білуге, олардың қажеттіліктерін түсінуге және жеке ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Клиенттер үшін де, ішкі даму үшін де құндылықтарды жетілдіре отырып, модельдеу мәселелеріне ерекше назар аударылады. 2020 ж. бірқатар предиктивтік модельдер сәтті іске қосылды.

Банктің іс жүзінде әрбір процесі мен өніміне AI-технологияларды енгізу жоспарда бар. 2020 ж. қорытындысы бойынша AI-түрлендірудің айтарлықтай экономикалық әсері туралы айтуға болады.

## AGILE ТҮРЛЕНДІРУ:

Қазіргі заман үрдістері тек өзгерістер қажеттілігін жылдамдатты, және банкте басқарудың икемді әдістерін болжайтын agile-түрлендіру де іске қосылды.

Бастапқы кезеңде банк нарықта бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және деректерді талдау саласында мамандардың өткір тапшылығына тап болды. Осы мәселені шешу үшін 2020 ж. ең перспективалық бес бағытта мектептер ашылды:

- «Sber Data School» үлкен деректермен жұмыс істеу;
- «Agile Product Owner» және «ScrumUp» өнімді құрудың икемді бейімделу процесі;
- Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу;
- Клиенттің жолын зерттеу және өнімді басқару.

Банк компания ішінде кадрларды оқытуға және түрлендіруді қажетті құзыреттер мен ресурстармен қамтамасыз етуге бағытталған. Командаларда қосымша бизнес-серіктестер ұйымдастырылды және құзыреттілікті арттыру үшін agile коучтары шақырылды.



СБЕРБАНК

## МАРКЕТИНГТІК САЯСАТЫ

2020 жылы банк келесі көрсеткіштерді арттыруға бағытталған бірқатар жобалар мен науқандар жүргізді:

- белсенді клиенттік базаны қалыптастыру;
- Top of Mind, кенеттен және жалпы танымалдылықтың жоғарылауы;
- Банктің оң имиджін қолдау және теріс имиджін түзету;
- лидогенерация көлемін арттыру және жалпы Digital кеңістікті игеру;
- Сбер Тобының органикалық конверсиясын арттыру және гайдлайндардың сәйкестігі үшін сайт дизайнын жаңарту.

Барлық маркетингтік белсенділік клиентке Топтың үздік шешімдері негізінде өз клиенттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін барынша күш салатын сенімді және инновациялық қазақстандық банк екенімізді көрсетуге арналған.

## БӨЛШЕК БИЗНЕС ҮШІН КЕЛЕСІ ЖАРНАМАЛЫҚ НАУҚАНДАР СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ:

- Сбербанк Онлайн: onboarding процесі
- Сбербанк Онлайн: P2P аударымдары + дәл қазір – аударымды жасап жатырмын
- Сбербанк Онлайн: Дәл қазір – қызметтер ақысын төлеймін
- Visa all in картасындағы жоғарылатылған кешбэк: Glovo, Wolt, Uber, сұлулық салондары, Instashop, Mon Amie
- 100% кешбэк (Visa All in карта бойынша)
- Өзіңді сақта – өмірді медициналық сақтандыру
- Sberbank Travel – жоғарылатылған кешбэк 5%
- Sberbank Pay – тезірек төле
- Samsung-пен галактикааралық акция – «Samsung Pay-мен төл және смартфонды ұтып ал!»
- «iPhone 11 Pro ай сайын» – Visa all in картасын пайдаланатын және Сбербанк Онлайн МҚ арқылы төлем жасайтын банк клиенттеріне арналған акция
- Валюталарды айырбастау – «Валютаны тиімді бағаммен айырбастаңыз!», «Жылдам, ыңғайлы, қауіпсіз»
- «Жасыл күн» акциясы
- «Жаңа жылдық жасыл күн» акциясы
- «Сыйлықтар картасы» акциясы

## КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС ҮШІН КЕЛЕСІ ЖАРНАМАЛЫҚ НАУҚАНДАР СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ:

- Пакеттік ұсынымдар
- ЖК скорингі
- Кредиттік корпоративтік карта
- SberPOS

СБЕРБАНК

# ТӘУЕКЕЛ МЕНЕДЖМЕНТІ

Экономика өсуінің баяулауы жағдайында банк банктік қызметке тән тәуекелдерді басқаруға аса мән береді

Тәуекелдерді басқарудың негізгі міндеттері банктің тәуекелдерін анықтау, жіктеу, тәуекелдерді бағалау мен басқарудың тиімді құралдарын анықтау және қолдану, тәуекелдердің жол берілетін деңгейіне лимиттерді белгілеу, банк жүргізетін операцияларға байланысты тәуекелдерді бақылау және төмендету бойынша шаралар қабылдау болып табылады

Банкте Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 Қаулысының, сондай-ақ банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті мен аудиторлық компаниялардың талаптарына негізделген тәуекелдерді бақылау, мониторинг жүргізу және басқару жүйесі жұмыс істейді

Бүгінгі таңда «Жинақ банкі» АҚ ЕБ тәуекелдерді басқару аясында Сбер Тобының ықпалдастық процестеріне қатысады, тәуекел менеджменті саласында жобалар белсенді енгізіледі

Банк өзі үшін тәуекелдің мынадай түрлерін елеулі деп анықтайды:

ӨТІМДІЛІКТІҢ | КРЕДИТТІК | НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛІ | ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

# КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Кредиттік тәуекелді басқару уәкілетті органдардың талаптарымен, банктің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатымен, сондай-ақ кредиттік тәуекелдерді реттейтін ішкі нормативтік құжаттармен анықталады. Кредиттік тәуекелдерді басқарудың негізінде банк жүргізетін қарыз операцияларымен байланысты кредиттік тәуекелдерді бағалауға және талдауға тәуелсіз көзқарас жатыр.

Кредиттік тәуекелдерді төмендету мақсатында банк өз қызметінде мынадай негізгі әдістер мен әдістемелерді қолданады:

- Қарыз алушыларды қаржыландыру шарттарын белгілеу/өзгерту кезінде орталықтандырылған, автоматтандырылған, алқалы шешімдер қабылдау;
- Лимиттерді белгілеу жолымен, оның ішінде автоматтандырылған есеп айырысуларды пайдалана отырып, кредиттік тәуекелді шектеу;
- Контрагенттердің сенімділігін автоматтандырылған тексеру арқылы кредиттік тәуекелді шектеу;
- Контрагенттердің кредиттік тарихының сапасы бойынша автоматтандырылған тексерулер жолымен кредиттік тәуекелді шектеу;
- Скорингтік модельдерді шешім қабылдау рәсімдерінде қолдану;
- Бақылау тәуекел-метрикаларын бекіту және мониторингілеу;
- Кредиттік қоржын сапасының серпінін талдау, кредиттік қоржын тәуекелдерін төмендету үшін іс-шаралар әзірлеу;
- Пруденциялық нормативтер мен шекті мәндердің сақталуын мониторингілеу;
- Қарыз алушының қаржылық жағдайына, кепіл мүлкіне тұрақты негізде мониторинг жүргізу.

# ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫ БОЙЫНША КРЕДИТТІК ҚОРЖЫННЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Валюталар қимасында кредиттік қоржынының құрылымы 2020 жылы айтарлықтай өзгерді. Валюталар қимасында әртараптандыру деңгейі қолайлы деп бағаланады, 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік қоржынындағы ең үлкен үлес салмақты ұлттық валютамен берілген қарыздар алады (91,8%). АҚШ долларымен берілген қарыздардың үлесі 2020 жылы 2,0%-ға төмендеді және банктің жиынтық кредиттік қоржынының 7,8%-ын құрады.

| Валюта атауы | 2020 ж. 1 қаңтарға | қоржын сомасынан % | 2021 ж. 1 қаңтарға | қоржын сомасынан % | жыл ішіндегі өсім |
|---|---|---|---|---|---|
| Теңге | 1 276 564,80 | 88,6% | 1 572 929,22 | 91,8% | 23,2% |
| Доллар | 141 354,62 | 9,8% | 133 633,77 | 7,8% | -5,46% |
| Еуро | 21 385,72 | 1,5% | 11 442,39 | 0,1% | -46,5% |
| Ресей Рублі | 776,74 | 0,1% | 6 440,57 | 0,1% | 7,2% |
| **БАРЛЫҒЫ кредиттер** | **1 440 081,88** | | **1 724 446,95** | | **19,7%** |

## ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫ БОЙЫНША КРЕДИТТІК ҚОРЖЫННЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бүгінгі таңда банкте экономика салалары қимасында кредиттік қоржын бойынша тәуекелдерді шоғырландырудың қолайлы деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін лимиттер жүйесі жұмыс істейді. 2020 жылғы 1 қаңтарда несие қоржынының ең көп үлесі мына санаттарға тиесілі: сауда – 17,0%, өңдеу өнеркәсібі – 12,0% және жеке тұлғалар – 42%.




## КРЕДИТТІК ҚОРЖЫННЫҢ САПАСЫ

2020 жылдың қорытындысы бойынша кредиттік тәуекел деңгейі нашарлады. 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар үлесінің көрсеткіші 2021 жылғы 1 қаңтарға 5,63% (01.01.20 ж. - 4,82%) құрады.

Банктің кредиттік қоржыны бойынша ҚЕХС қалыптастырылған провизиялары бір жыл ішінде 11,5%-дан 11,6%-ға дейін ұлғайды. 90+ мерзімі кешіктірілген қарыздарды резервтермен жабу деңгейі 211% құрайды.

# НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Нарықтық тәуекел – нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнының өзгеруінен көрінетін нарықтық жағдайдың қолайсыз өзгерістеріне негізделген баланстық және баланстан тыс баптар бойынша қаржылық шығындардың туындау ықтималдығы.

Банктегі тәуекелдерді басқарудың стратегиялық процесінің құрамдас бөлігі ретінде қаржы нарықтарындағы операциялардың нарықтық тәуекелін басқарудың мақсаты Базель келісімі мен Қазақстан Республикасы заңнамасының қағидаларына негізделген тәуекелдерді басқару жүйесін құру болып табылады.

Нарықтық тәуекел аясында банк валюталық, пайыздық және баға тәуекелдерін бөледі.

Валюталық тәуекел – банк өз қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталары бағамдарының қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық шығындардың туындау ықтималдығы.

Банк шетел валюталары бойынша ашық позициялардың болуына және нарықтық бағамдардың қолайсыз өзгеруіне байланысты туындайтын валюталық тәуекелге ұшырайды. Лимиттер мен шектеулер жүйесі шеңберінде банк жиынтық ашық валюталық позиция лимиттерін, жеке шетел валюталарындағы ашық позиция лимиттерін және т. б. белгілейді. Валюталық тәуекелді басқару үшін банк тәуекелді сәйкестендіру, бағалау және лимиттеу процесін, сондай-ақ оның кейінгі мониторингі мен бақылауын жүзеге асырады. Банктің ашық валюталық позицияны басқарудағы сақтанымпаз саясатының нәтижесінде валюталық тәуекел деңгейі төмен деп бағаланады.

Пайыздық тәуекел – активтер, пассивтер және баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық шығындардың туындау ықтималдығы.

Пайыздық тәуекелді бағалау, өлшеу, бақылау және мониторингілеу рәсімдері: пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық жағдаятының өзгеру серпінін талдау мен болжауды, таза операциялық кіріс бойынша бақылау көрсеткіштерін белгілеуді, таза пайыздық маржа мен спрэд мониторингінің жоспарлы көрсеткіштерін белгілеуді, олардың нарықтағы пайыздық мөлшерлемелер деңгейінің өзгеруіне сезімталдығына қарай пайыздық активтер мен міндеттемелерді өтеу (қайта бағалау) көлемдері мен мерзімдері бойынша теңгерімдеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу, пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық, пайыздық гэп лимиттерін белгілеу.

Баға тәуекелі – қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнындағы қолайсыз өзгерістер салдарынан қаржылық шығындардың туындау ықтималдығы.

Сатуға жарамды бағалы қағаздар қоржыны негізінен мемлекеттік бағалы қағаздардан, сондай-ақ эмитенттің рейтингі шетелдік эмитенттер үшін «В»-ден төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтингтік агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе «В2»-ден төмен емес (Moody's Investors Service рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша), сондай-ақ Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша «В»-ден төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корпоративтік бағалы қағаздардан тұрады.

Нарықтық тәуекел деңгейін бақылау мақсатында банк VaR, DV01 сияқты тәуекел-метрикаларға мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады, күйзеліс-тестілеуді жүргізеді және т. б. VaR белгілі бір ықтималдық деңгейімен белгілі бір уақыт кезеңіндегі күтілетін қаржылық шығындардың ең көп көлемін бағалауға мүмкіндік береді.  DV01 кірістіліктің 1 базистік тармаққа өзгеруі салдарынан пайда болатын құн өзгерісінің орташа шамасын анықтайды. Күйзеліс-тестілеу ерекше, бірақ ықтимал оқиғаларда банктің қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалау ретінде анықталуы мүмкін.

Нарықтық тәуекелді басқарудың қолда бар құралдары банкке тәуекел деңгейін қолайлы төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

# ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Өтімділікті басқарудың негізгі міндеті банк қызметінің үздіксіздігі қағидасын орындау, яғни банктің қажеттілігіне қарай өз қызметін үздіксіз жүзеге асыру және кеңейту үшін қаражат тарту қабілетін қамтамасыз ету болып табылады. Банк қажетті қорландыруды тарту үшін пайдаланатын стратегия оның өтімділікті басқару жүйесімен тығыз байланысты, өйткені таңдалған стратегияға тән тәуекелдер өтімділікті басқаруға сөзсіз әсер етеді.

2020 жылы өтімділік нормативтері жеткілікті қормен сақталды.

| Өтімділік коэф. | Норматив | 1.01.20 | 1.02.20 | 1.03.20 | 1.04.20 | 1.05.20 | 1.06.20 | 1.07.20 | 1.08.20 | 1.09.20 | 1.10.20 | 1.11.20 | 1.12.20 | 1.01.21 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| к4 | min 0,3 | 1,2 | 1,4 | 1,5 | 1,5 | 1,5 | 1,4 | 1,6 | 1,7 | 1,7 | 1,7 | 1,7 | 1,8 | 1,7 |
| к4-1 | min 1,00 | 8,7 | 10,5 | 6,8 | 6,3 | 15,1 | 14,2 | 10,7 | 10,3 | 11,8 | 8,5 | 9,6 | 9,5 | 8,6 |
| к4-2 | min 0,90 | 6,7 | 7,6 | 4,7 | 4,4 | 9,3 | 7,3 | 5,8 | 7,0 | 5,9 | 4,1 | 4,9 | 4,9 | 5,1 |
| к4-3 | min 0,80 | 3,5 | 3,0 | 2,7 | 2,9 | 3,7 | 4,0 | 3,6 | 2,7 | 2,4 | 2,4 | 2,7 | 2,9 | 3,2 |
| LCR | min 0,6 | 1,2 | 1,4 | 1,4 | 1,5 | 1,5 | 1,4 | 2,0 | 2,0 | 1,8 | 2,0 | 1,4 | 1,5 | 1,5 |
| NSFR | min 1,0 | 1,3 | 1,3 | 1,3 | 1,3 | 1,3 | 1,3 | 1,3 | 1,3 | 1,3 | 1,3 | 1,3 | 1,4 | 1,4 |

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Операциялық тәуекелді басқару Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылады және банктің операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес анықталады.

Операциялық тәуекелдерді басқару қызметті ұйымдастырудағы кемшіліктер, пайдаланылатын технологиялар, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуі, қызметкерлердің барабар емес іс-әрекеттері немесе қателері, бизнес-процестердің барабар құрылмауы нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсері нәтижесінде шығындардың туындау мүмкіндігіне байланысты тәуекелдердің алдын алуға және/немесе төмендетуге бағытталған.

Қызметтің кез келген бағытының операциялық тәуекелге ұшырауына байланысты операциялық тәуекелді басқару жүйесіне банкте банктің барлық құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен қызметкерлері тартылған. Олар операциялық тәуекелді басқаруды өздерінің негізгі функцияларын орындаудан ажырағысыз жүзеге асырады.

Операциялық тәуекелді тиімді басқару және операциялық тәуекел шамасын есептеу мақсатында банк операциялық тәуекелді басқарудың мынадай элементтерін пайдаланады: операциялық тәуекел оқиғалары туралы ішкі деректерді жинау, операциялық тәуекел оқиғалары туралы сыртқы деректерді жинау, операциялық тәуекелдер бойынша өзін-өзі бағалау, тәуекелдің негізгі индикаторлары мен бақылау индикаторларының мониторингі, сценарийлік талдау және тәуекелдерді картаға түсіру. Операциялық тәуекелдерді тұтас және жан-жақты басқаруды қамтамасыз ету үшін операциялық тәуекелдерді басқару элементтері кешенді және өзара байланысты пайдаланылады.

Операциялық тәуекелді тұрақты мониторингілеу мақсатында банк банктің басшылығы және тәуекелдерді басқару процестеріне тартылған алқалы органдар үшін есеп беру жүйесін пайдаланады.

2021 жылғы 1 қаңтарға операциялық тәуекел деңгейі (банк шығындарындағы іске асырылған операциялық тәуекел шығындарын жабуға арналған шығындар үлесі) 0,005%-ды құрады. Осылайша, операциялық тәуекел деңгейі қолайлы деп бағаланады және банк үшін белгіленген шектерде болады.



# ДАМУ БОЛАШАҒЫ

2020 ЖЫЛЫ «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАНКТІҢ 2021-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫН АНЫҚТАДЫ:

- КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС
- БӨЛШЕК БИЗНЕС
- ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚ
- АДАМ РЕСУРСТАРЫ
- ESG

## КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

Корпоративтік бизнестегі банктің Даму стратегиясының басым міндеттері ЗТ/ЖК белсенді клиенттер санын арттыру және қаржы өнімдерін, қызмет көрсетудің қашықтан және цифрлық арналарын, электрондық коммерцияны, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектормен және коммерциялық ұйымдармен серіктес компанияларды дамыту болып табылады. Банктің корпоративтік бизнесі үш негізгі клиенттік сегментке бағытталған: ірі, орта және шағын бизнес және ЗТ-ның белсенді клиенттік базасын сәтті өсіруде, серіктестік желіні дамыту бойынша ауқымды жобалардың арқасында осы үрдісті сақтауды жоспарлауда.

## БӨЛШЕК БИЗНЕС

Бөлшек бизнес стратегиясының мақсаты өмір мен отбасы үшін қаржылық платформа құру болып табылады, мұнда фокус клиенттер өмірінің негізгі аспектілерінде жетекші орынға қол жеткізу, клиенттік тәжірибе мен сату арналарын цифрландыру, адалдықтың гибридті бағдарламасын дамыту, әріптестердің мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторлармен үздіксіз ықпалдастықпен технологиялық платформа құру және деректерді байыту болып табылады. Бөлшек бизнестегі басым міндеттер: ЖТ белсенді клиенттер санын арттыру, трансшекаралық аударымдардағы көшбасшылық, ЖТ кредиттеу нарығындағы банктің үлесін, оның ішінде ипотекалық кредиттер бойынша үлесін ұлғайту, қосымша сервистерді енгізу арқылы экожүйені дамыту болып табылады.

## ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚ

Технологиялық артықшылықтың негізгі векторлары IT және AI-түрлендіруді дамыту болып табылады. IT-түрлендіру стратегиясындағы негізгі міндеттер – цифрлық түрлендіру, экожүйенің біріктіруші элементтерін енгізу, жүйелердің сенімділігі мен киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету, әзірлеу мен тестілеудің барлық инфрақұрылымын бұлтқа көшіру, үздік IT-командасын құру. 2021 жылға SberID бірыңғай аутентификациясын енгізу, интеграциялық өзара іс-қимыл рефакторингі арқылы банктің ақпараттық жүйелерінің қолжетімділігін арттыру, апатқа төзімді IT-инфрақұрылымын құру жоспарланған.

AI-түрлендірудің негізгі міндеттері жасанды сананы дамыту, клиенттер туралы деректердің жаңа көздерін игеру және деректерді тексеру, D-мамандарды (data scientists, data engineers, data analysts) тарту және оқыту, озық инфрақұрылымды енгізу, процестерді оңтайландыру болып табылады.

## АДАМ РЕСУРСТАРЫ

Банктің стратегиялық бағыттарының бірі – Қазақстан Республикасының аумағында қаржы секторы компанияларының арасында қызметкерлерді басқарудағы көшбасшылық. Стратегия аясында команданы дамыту қызметкердің жұмыстағы тәжірибесін жақсарту, болашақтың суперкәсіптерін дамыту, мансаптық ілгерілеудің үздік жүйесін құру, бірыңғай hr платформасын құру, әріптестермен және елдің негізгі жоғары оқу орындарымен тығыз жұмыс істеу арқылы жүзеге асырылады.

## ESG

Банк «жасыл қаржыландыру», экологияны сақтау, корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік бойынша ұстанымды белсенді қолдайды. Банкте ESG келесі бағыттарын дамыту 2021 жылға арналған жоспар болып табылады: жауапты қаржыландыру, ресурс үнемдеу және қалдықтар, корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік.

# 05

«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ТҰРАҚТЫ
ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

- ESG түрлендіруі
- Жауапты қаржыландыру жөніндегі іске асырылған бастамалар
- Ресурсты үнемдеу жөніндегі іске асырылған бастамалар
- Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі іске асырылған бастамалар
- Корпоративтік жауапкершілік жөніндегі іске асырылған бастамалар
- Тиімді командалардағы жаңа сапалы адамдар
- Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік
- Мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі саясат
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

СБЕРБАНК

## ESG ТҮРЛЕНДІРУІ

2020 жылдың соңында Сбербанк 2023 жылға дейін жаңа стратегияны қалыптастыруды аяқтады, оның ажырамас бөлігі ESG күн тәртібі болды. Осы бағыттың маңыздылығын және ESG саясатын ашатын компаниялардың пайдасына инвестициялық артықшылықтарды ескере отырып, банк ESG белсенділігін стратегиялық деңгейге көтеруге шешім қабылдады. Стратегия аясында Қазақстанның барлық өңірлерін қамтитын ESG бастамалары қалыптастырылды, идеяларды іске асыру үшін жұмыс істейтін және банк қызметкерлеріне күн сайын консультациялық қолдау көрсететін ESG белсенділерінен команда жиналды.

Банк төрт негізгі ESG бағыттарының қимасында жұмыс істейді:

- РЕСУРСТЫ ҮНЕМДЕУ
- ЖАУАПТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
- ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
- КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



## РЕСУРСТЫ ҮНЕМДЕУ

Соңғы жылы банк сервистерді цифрландыру, сондай-ақ ішкі бизнес процестерді оңтайландыру есебінен кредиттік құжаттаманың 831 мыңнан астам парағын үнемдеді. Қызметтік жазбаларды электрондық құжат айналымы жүйесіне аудару есебінен ғана банк қызметтік жазбалар үшін пайдаланылатын қағаздың 70%-ын қысқартты.

Ішкі процестерді оңтайландыру, ішкі құжат айналымы жүйесін жақсарту, сондай-ақ сервистер мен клиенттік құжаттаманың бір бөлігін онлайн аудару есебінен қағаз сатып алу 48%-ға төмендеді.




Қағаз сатып алу, тонна

Банк кеңселерінде қайталама шикізатты: қағазды, шыныны, металл және пластикті бөлек жинауға арналған бокстар, сондай-ақ пайдаланылған қуат беру элементтеріне арналған бокстар орнатылды. Осылайша банк бағалы қайталама шикізатты қайта өңдеуді ынталандырады, бүкіл Қазақстан бойынша жүздеген жұмыс орындарын қолдайды. Банкте орнатылған бокстарды мүмкіндігі шектеулі адамдар дайындайды, бұл банктің инклюзивтік құрамдасқа, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жұмыс орындарын қолдауға да ықпал ететінін білдіреді.

Банк сондай-ақ энергия тұтынуды азайту мәселесіне ерекше назар аударды. Ол үшін Қазақстанның барлық кеңселерінде электр энергиясы мен суды ажырататын автоматты сезбектер орнатылуда. Банк стратегиясына су мен электр энергиясын тұтыну көлемін 20%-ға қысқарту жөніндегі мақсат қойылған.




Энергияны тұтыну, мВт*сағ

Қалдықтарды басқару сегменті бойынша есепті жылы кәдеге жаратуға 3000 кг үздіксіз қуат көздері үшін пайдаланылған аккумуляторлар және 1694 дана пайдаланылған люминесцентті шамдар тапсырылды.




Люминесценттік шамдар
кәдеге жаратуға берілді, дана

## ЖАУАПТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2020 жылы банк 2,3 млрд теңге сомаға «жасыл жобаларды» қаржыландырды, оның ішінде күн электр станциясының құрылысы, электр автобус паркінің, мектептер мен екінші рет қайта өңдеу зауыттарының құрылысы.

2021 жылға банкте банктің ESG қоржынын 6 есе арттыру мақсаты қойылған, сондықтан қазір «жасыл» және әлеуметтік жобаларды ынталандыру және «жасыл қаржыландыру» көлемін ұлғайту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.



# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Кез келген бизнестің болашағы елдегі әлеуметтік әл-ауқатпен, тұрақтылықпен, мәдениет және білім деңгейімен тығыз байланысты, сондықтан Қазақстандағы Сбербанк тұрақты негізде әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларды жүзеге асырады. Бұл қоғам тірлігіне қатысудың негізгі бағыттарының бірі және Сбербанктің корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі.

Сбербанктің қайырымдылық және демеушілік қолдауының негізгі бағыттары балалар мекемелерін, қоғамдық ұйымдарды, ардагерлерді қолдауды, сондай-ақ білім беруді, спортты, мәдениет пен өнерді дамыту бөлігіндегі демеушілік қызметті қамтиды.

2020 жылы банк жеке өңірлер үшін де, жалпы ел үшін де әлеуметтік маңызы бар бірқатар қайырымдылық және демеушілік жобаларды жүзеге асырды. 2020 жылды белгілеген COVID-19 пандемиясы жағдайында Сбербанк алғашқылардың бірі болып коронавируспен күресуге қаражат бөлді. Ол үшін осы мақсатқа үлкен қаражат сомасын бөліп, өкпені жасанды желдету аппараттары мен пульсоксиметрлерді сатып алуды қаржыландырды.

Банк қайырымдылық жобаларына тікелей қатысу арқылы ғана емес, жалпы елдегі қайырымдылық мәдениетін дамыту арқылы да қоғам өміріне оң үлес қосуға мүдделі. Осы міндетті орындау үшін банк «Сбербанк Онлайн» мобильді қосымшасы негізінде ол арқылы кез келген адам қандай да бір соманы балаларға, ардагерлерге, медициналық, спорттық және мәдени ұйымдарға көмек көрсету қорлары бар бірқатар жолданушыларға қайырымдылық мақсаттарға аудара алатын сервисті іске асырды.

2020 жылы Сбербанктің қайырымдылық жобаларына арналған бюджеті 71 218 544 теңгені, демеушілік жобаларға – 23 975 680 теңгені құрады.



## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ҚОЛДАУ

Коронавирустың таралуына және елде төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты банк COVID-19 науқастары емделіп жатқан Алматы қаласының ауруханалары үшін өкпені жасанды желдету аппараттарын, сондай-ақ пульсоксиметрлерді сатып алуға 50 000 000 теңге бөлді.

Сондай-ақ, банк «Құс Жолы» қайырымдылық қорына қаражат бөлді, ол дәрігерлер мен коронавирустық инфекциямен ауыратын науқастарға көмек көрсету үшін, медициналық жабдықтар: оттегі концентраттарын, пульсоксиметрлерді, цифрлық мобильді рентген-аппараттарын, қорғаныс костюмдерін, респираторларды және т. б. сатып алу үшін қаражат жинау жөнінде белсенді қызмет жүргізуде.



# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

## БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІН ҚОЛДАУ

Бүгінде бүкіл республика бойынша Сбербанктің әрбір филиалына қамқорлыққа алынған тұрақты негізде көмек көрсетілетін балалар үйлері мен басқа да балалар мекемелері бекітілген.

Бүгінгі таңда Сбербанк  Қазақстан бойынша 50-ден астам ұйымға көмек көрсетеді. Олардың қатарына балалар үйлері, баспаналар, интернаттар, әртүрлі ауытқулары бар балаларға арналған мектептер, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мекемелер, кәмелетке толмағандарды оңалту және бейімдеу орталықтары, қоғамдық қорлар және басқа да ұйымдар кіреді.

2014 жылдан бастап Сбербанк «Радонеж» қайырымдылық корпоративтік қоры құрған «Солнышко» балалар үйіне материалдық көмек көрсетеді. Ай сайын банк балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін азық-түлік сатып алады, міндетті түрде сыйлықтарды дайындаумен жаңа жылдық іс-шаралар өткізеді. 2020 жыл да сырт қалмады.

Банктің қамқорлыққа алынған басқа ұйымының – «Судьба» мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасылық клубының тәрбиеленушілері де банктен қолдау тапты: балалардың мұз айдынына, демалыс базаларына, балалар қойылымына театрға сапарларын ұйымдастыру жыл сайынғы дәстүрге айналды.  Сондай-ақ, «Аяз атаға хат» қайырымдылық акциясы аясында балалар қызметкерлердің әр балаға жеке дайындаған сыйлықтарын алды.

2017 жылдан бастап банк «Ерікті қайырымдылық қоғамы» ҚҚ-мен (ДОМ) ауыр науқас балаларды емдеуге материалдық көмек көрсету бөлігінде ынтымақтасады. Банк «Балаларға өмір сыйла» жобасы аясында балаларды емдеуге қаражат бөледі, 2020 жылы да кезекті төлем жүргізілді.

Сонымен қатар, психоневрологиялық патологиясы бар 1,5-тен 18 жасқа дейінгі балалардың күндіз болуына арналған медициналық-әлеуметтік ұйым – «Шапағат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығына көмек көрсетілді.

## АРДАГЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ

Есептік жылы атаулы көмек көрсетуге, ардагерлерді әлеуметтік оңалтуға және қоғамға бейімдеуге бағытталған бағдарламаларды іске асыру жалғастырылды. 2020 жылы Ұлы Отан Соғысындағы Жеңіске 75 жыл толды. Өзінің қатысуы бар барлық аймақтарындағы Ұлы Отан Соғысының ардагерлері мен еңбек майданының қатысушыларының ерлігіне бас иіп, банк жылына екі рет – 9 мамырда және Жаңа жылға ардагерлерді құттықтады, атаулы материалдық көмек көрсетті және мерекелік іс-шаралар ұйымдастырды. Сонымен қатар, 2020 жылы банк «Ардагерлерді бірге құттықтайық!» қайырымдылық акциясын өткізіп, сыйлықтар ретінде ақша қаражатын табыс етті.

## МӘДЕНИЕТТІ ҚОЛДАУ

Сбербанктің мәдениетті дамыту саласындағы демеушілік қызметінің дәстүрлі бағыты – М. Ю. Пермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрына қолдау көрсету.
Жобаның мақсаты – кең аудиторияны театр қызметінің өзекті мәселелерімен таныстыру, театр өнерін түсінуге қолжетімді ету. Бұл ынтымақтастық бес жыл бойы жалғасуда, және 2020 жылы Сбербанк бұл жақсы дәстүрді жалғастырды.

Сонымен қатар, әдемілікке деген сүйіспеншілік пен жоғары өнерге деген талғамды бала кезінен тәрбиелеу керек екенін түсініп, банк Н. И. Сац атындағы жас көрермен театрын қолдауға шешім қабылдады.

2020 жылы «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының «Дала үні» театр қойылымының әлемдік премьерасы іске қосылды, оның бас демеушісі «Сбербанк» болып шықты.



# КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Корпоративтік жауапкершілік жөніндегі бағытты дамыту ең алдымен акционерлер мен клиенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу; банк қызметінің тиімділіктің өсуіне қол жеткізуге, жұмыс орындарын құруға және қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға бағытталу; негізгі нәтижелер, жоспарлар мен перспективалар туралы ақпаратты ашу сияқты корпоративтік басқару қағидаларына негізделеді.

## «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Банк акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы

2. Банкті Акционерлердің жалпы жиналысымен, Директорлар кеңесімен және Банк басқармасымен тиімді басқару қағидасы

3. Банк қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы, уақытылығы және объективтілігінің қағидалары

4. Заңдылық пен этика қағидалары

5. Тиімді дивидендтік саясатының қағидалары

6. Тиімді кадр саясатының қағидалары

7. Қоршаған ортаны қорғау қағидасы

8. Корпоративтік қақтығыстарды реттеу қағидасы

Аталған қағидалар «Жинақ банкі» АҚ ЕБ корпоративтік басқару кодексінде бекітілген

## «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ корпоративтік басқару кодексі 27.05.2009 ж. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ акционерлерінің жалпы жиналысында, 21.04.2016 ж., 27.04.2018 ж., 26.04.2019 ж., 26.05.2020 ж. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ акционерлердің жылдық жалпы жиналысында бекітілген өзгерістерді ескере отырып бекітілді.

Банктің корпоративтік басқару кодексі корпоративтік басқарудың, этикалық нормалардың, акционерлердің құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғаудың, шешімдер қабылдау ашықтығының, банктің басшы қызметкерлерінің кәсіби және этикалық жауапкершілігінің, ақпараттық ашықтықтың, іскерлік этика нормаларының жүйесін дамытудың негізгі қағидалары мен стандарттарын анықтайтын құжат болып табылады.

Банктің корпоративтік басқару кодексі ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына, банктің Жарғысына, уәкілетті органның ұсынымдарына, Үлгілік кодекске сәйкес, сондай-ақ ҚР-да дамып келе жатқан корпоративтік тәртіп тәжірибесін, этикалық нормаларды, компаниялардың капитал нарығындағы қажеттіліктері мен қызметінің шарттарын ескере отырып, олардың дамуының ағымдағы кезеңінде әзірленді.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ өз қызметінде «Жинақ банкі» АҚ ЕБ корпоративтік басқару кодексінде баяндалған басқару қағидалары мен корпоративтік тәртіп ережелеріне сәйкес Кодексті сақтау қажеттігін растайды және өз қызметін жүзеге асыру кезінде оларды сақтау үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды.



# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



## «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы банктің жоғары органы болып табылады. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) банктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

8) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығындарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

10) банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

12) банктің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

13) банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не қатысушылар (өзге заңды тұлғалар) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы банктің акционерлерге хабарлау нысанын айқындау;

17) банк акцияларды «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес қайта ұйымдастырылған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) акционерлерге банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

20) Директорлар кеңесінің қызметін және банктің акционерлер жиналыстарын өткізу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;

21) нәтижесінде оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне құны банк активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде (банк сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені банктің жасасуы туралы шешім қабылдау

21-1) Банктің жасалуына мүдделілік бар ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;

22) шешім қабылдау банктің ішкі нормативтік құжаттарымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және банктің Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

СБЕРБАНК

2020 ЖЫЛЫ ӨТКІЗІЛГЕН БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ АЯСЫНДА КЕЛЕСІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ:

1. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы;

2. 2019 жылғы таза кірісті бөлу тәртібін және «Жинақ банкі» АҚ ЕБ бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту туралы;

3. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы;

4. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2020 жылға және 2021 жылдың 1 тоқсанына аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау туралы;

5. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы;

6. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер енгізу туралы;

7. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістерді бекіту туралы;

8. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау туралы;

9. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін анықтау туралы;

10. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы.

## «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ миноритарлық акционерлерді қорғауды және оларға әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді, «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Жарғысында және ҚР заңнамасында белгіленген банк қызметі туралы ақпарат беру бойынша қажетті механизмдер мен рәсімдер жасалған. Банк өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты уақытылы ашады.

## ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Акционерлердің тиісті кезеңдегі таза табыстың (пайданың) бөлігін оның акциялары бойынша дивидендтер түрінде алу құқығы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Жарғысында белгіленген. Банктің акциялары бойынша дивидендтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленеді.

Тиімді дивидендтік саясаттың негізгі өлшемдерінің бірі дивидендтердің мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтаудың қарапайым және ашық тетігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2019 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлемеу жөніндегі ұсынымын назарға ала отырып, нарықтағы қалыптасқан жағдайға байланысты Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ акционерлеріне 2019 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төленбейді деген шешім қабылдады.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ орналастырылған жай акцияларының саны — 12 839 114 дана. Шығарылған және орналастырылған артықшылықты акциялар — жоқ. «Ресей Жинақ банкі» жария акционерлік қоғамы орналастырылған және дауыс беретін акциялардың 99,99% иесі болып табылады.

# 06.04.2021 Ж. «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі — Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретін құрайтын мәселелерді шешуді қоспағанда, банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын банк органы.

| № | ТАӘ | Туған жылы | «Жинақ банкі» АҚ ЕБ атқаратын лауазымы | Соңғы үш жылда атқарған лауазымдары және қызмет саласы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Козинцев Тимур Олегович (ДК құрамына 28.02.2020 ж. сайланды, ДК Төрағасы ретінде 10.03.2020 ж. сайланды) | 1972 | Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің мүшесі | 2013 ж. бастап қазіргі күнге дейін – DenizBank A.Ş Директорлар кеңесінің мүшесі – банктік қызмет;<br>2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – DenizBank AG Бақылау Кеңесінің мүшесі, Кредиттік Комитет мүшесі, Тәуекелдер жөніндегі Комитет мүшесі – банктік қызмет;<br>2020 ж. бастап – «Сбербанк» ЖАҚ Аға вице-президенті, «Сбербанк» ЖАҚ «Sberbank International» блогының жетекшісі – банктік қызмет. |
| 2 | Теңізбаев Елдар Амантайұлы (ДК құрамына 28.02.2020 ж. сайланды) | 1984 | «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі | 2013 ж. бастап 2019 ж. дейін – «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары – банктік қызмет;<br>2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Сбербанк Лизинг Қазақстан» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі – лизингтік қызмет;<br>2019 ж. бастап 2020 ж. дейін – «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Бірінші Орынбасары – банктік қызмет;<br>2020 ж. бастап қазіргі күнге дейін – «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы – банктік қызмет; |
| 3 | Авдеенко Наталья Николаевна (ДК құрамына 25.04.2014 ж. сайланды) (ДК мүшесінің тегі Н. Н. Лазареводан Н. Н. Авдеенкоға ауыстырылды) | 1970 | «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі | 2013 ж, бастап 2017 ж. дейін – Басқарушы директор, «Сбербанк» ЖАҚ «Халықаралық операциялар» блогының басшылығы – банктік қызмет;<br>2017 ж. бастап қазіргі күнге дейін – «Сбербанк» ЖАҚ «Sberbank International» блогының Корпоративтік даму және қызмет тиімділігі басқармасының Аға Басқарушы директоры – банктік қызмет.<br>2016 ж. бастап қазіргі күнге дейін – «БПС-Сбербанк» ААҚ Бақылау Кеңесінің мүшесі – банктік қызмет;<br>2017 ж. бастап қазіргі күнге дейін – «Сбербанк» (Украина) АҚ Кеңесінің мүшесі – банктік қызмет. |
| 4 | Анашкин Григорий Михайлович (ДК құрамына 24.04.2015 ж. сайланды) | 1969 | «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі | 2015 ж. бастап қазіргі күнге дейін – Сбербанк ЖАҚ «Қаржы» блогының шетелдік банктер жөніндегі Аға Басқарушы директоры – банктік қызмет;<br>2015 ж. бастап қазіргі күнге дейін – «БПС-Сбербанк» ААҚ Бақылау Кеңесінің мүшесі – банктік қызмет;<br>2017 ж. бастап қазіргі күнге дейін – Sberbank Europe A.G. Бақылау кеңесінің мүшесі – банктік қызмет;<br>2017 ж. бастап қазіргі күнге дейін – «Сбербанк» (Украина) АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – банктік қызмет. |
| 5 | Ашурков Алексей Анатольевич (ДК құрамына 28.04.2017 ж. сайланды) | 1972 | «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі | 25.02.2016 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Аға Басқарушы директор, «Сбербанк» ЖАҚ «Тәуекелдер» блогының басшылығы – банктік қызмет;<br>2017 ж. бастап қазіргі күнге дейін – Бақылау кеңесінің мүшесі, «БПС-Сбербанк» ААҚ Тәуекелдер жөніндегі комитетінің Мүшесі –банктік қызмет;<br>2016 ж. бастап 2019 ж. дейін – «Денизбанк Москва» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – банктік қызмет;<br>2018 ж. бастап қазіргі күнге дейін – «Сбербанк» (Украина) АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – банктік қызмет. |
| 6 | Барчугов Павел Сергеевич (ДК құрамына 28.04.2017 ж. сайланды) | 1973 | «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі | 2014 жылдан 2017 жылға дейін – Аға Басқарушы директор – Халықаралық қаржылық жоспарлау және бақылау басқармасының директоры «Сбербанк» ЖАҚ – банктік қызмет;<br>2014 ж. бастап қазіргі күнге дейін – «БПС-Сбербанк» ААҚ Бақылау кеңесі Төрағасының Орынбасары – банктік қызмет;<br>2016 ж. бастап 2019 ж. дейін – DenizBank A.S Директорлар кеңесінің мүшесі – банктік қызмет;<br>2017 ж. бастап 2019 ж. дейін – DenizBank AG Бақылау Кеңесінің мүшесі – банктік қызмет;<br>2017 ж. бастап қазіргі күнге дейін – Sberbank Europe A.G. Бақылау Кеңесінің мүшесі – банктік қызмет;<br>2018 жылдан бастап қазіргі күнге дейін – «Сбербанк» ЖАҚ «Sberbank International» Блогының Корпоративтік шешімдер және қызмет тиімділігі басқармасының Аға Басқарушы директоры – Директоры – банктік қызмет. |
| 7 | Мошиашвили Михаил Михайлович (ДК құрамына 19.02.2021 ж. сайланды) | 1973 | «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі* | 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – РФ, Мәскеу қ., «Экономика жоғары мектебі «Ұлттық зерттеу университеті» жоғары білім беру федералдық мемлекеттік автономды білім беру мекемесінің экономика ғылымдары факультетінің профессоры (азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт негізінде) – ғылыми қызмет;<br>04.09.2020 ж. бастап қазіргі күнге дейін – «БПС-Сбербанк» ААҚ Бақылау кеңесінің мүшесі, Беларусь Республикасы – банктік қызмет; |
| 8 | Елемесов Асқар Раушанұлы (ДК құрамына 26.05.2020 ж. сайланды) | 1968 | «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор | 31.07.2017 ж. бастап 26.06.2018 ж. дейін – Тәуелсіз директор – «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – банктік қызмет;<br>02.06.2016 ж. бастап 14.02.2018 ж. дейін – Тәуелсіз директор – «ҚазАгро «Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі – холдинг компанияларының қызметі;<br>29.07.2016 ж. бастап – Директорлар кеңесінің Төрағасы – «SkyBridge Invest» АҚ тәуелсіз директоры – брокерлік қызмет;<br>28.05.2018 ж. бастап – Тәуелсіз директор – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – жеке кәсіпкерлікті қаржылық қолдаудың арнайы қорларының қызметі;<br>13.03.2019 ж. бастап – Тәуелсіз директор – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – инвестициялық қызмет. |
| 9 | Аханов Серік Ахметжанұлы (ДК құрамына 11.10.2017 ж. сайланды) | 1951 | «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор | 2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін –Директорлар кеңесінің мүшесі – «АТФБанк» АҚ тәуелсіз директоры – банктік қызмет;<br>2015 ж. бастап 2018 ж. дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі – «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ тәуелсіз директоры – сақтандыру қызметі;<br>2016 ж. қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы, Кеңес Мүшесі, Кеңестің Құрметті Төрағасы. Еңбек сіңірген қаржыгер. |

** - 2017 ж. 28 сәуір мен 2021 ж. 18 ақпан аралығындағы кезеңінде «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын Владимир Вячеславович Ситнов атқарды.*

Кандидаттарды Директорлар кеңесінің Мүшелеріне ұсыну кезінде өз міндеттерін орындау және тиімді жұмысты ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі және іскерлік ортадағы оң жетістіктері ескеріледі.
Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның мүшелерін сайлайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.
Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығындарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындайды.

**«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесін мәселелер туралы хабардар ету.**
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесін аса маңызды қаржылық және қаржылық емес мәселелердің туындауы туралы хабардар ету ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі және Директорлар кеңесінің қарауына банктің қызметі туралы ақпарат пен есептерді ұсыну арқылы тұрақты негізде жүзеге асырылады.

## БАНКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІНЕ КЕЛЕСІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖАТАДЫ:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда банктік қызметтің басым бағыттарын және банктің даму стратегиясын анықтау немесе Банктің даму жоспарын бекіту;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін анықтау, осы Жарғының 8.4-тармағының шарттарын сақтай отырып, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күнін анықтау;

3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
5) банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық қызметақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау;

10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық қызметақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ банк акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;

13) банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (банктік қызметті ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерді, оның ішінде банк тәуекелдерін және меншікті капиталды басқару, резервтік капиталды пайдалану жөніндегі саясатты, сондай-ақ аукциондар өткізу және банктің бағалы қағаздарына, банктің Жарғысымен, ішкі нормативтік құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған өзге де ішкі нормативтік құжаттарға қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі нормативтік құжатты бекіту;

14) банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдауы;

15-1) осы Жарғының 8.5-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын шешімдерді қоспағанда, банктің өзге заңды тұлғаларды құруға қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы банкке тиесілі заңды тұлға Акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
16-1) акционері (қатысушысы) банк болып табылатын заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдау;

17) банк міндеттемелерінің оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға артуы;

18) банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

19) ірі мәмілелерді, жасалуына банктің мүдделілігі бар мәмілелерді және осы Жарғының 8.5-тармағының 21) және 21 1) тармақшаларына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы жасасатын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен шектеулер аясында банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

20) бюджетті, бизнес жоспарларды және банктің бизнес жоспарларының орындалуы туралы есептерді бекіту;

21) жасалуы үшін Директорлар кеңесінің алдын ала мақұлдауы талап етілетін банк операцияларының және басқа да мәмілелердің тізімі мен маңыздылық деңгейін бекіту;

22) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі сырттай (немесе бетпе-бет жасырын) дауыс беруді өткізуге арналған бюллетеньдердің нысанын анықтау;

23) банктің бухгалтерлік есеп саясатын анықтау;

24) кезеңділігін, мазмұнын және ұсыну тәртібін банктің Директорлар кеңесі анықтайтын банк Басқармасы Төрағасының есептерін тыңдау;

25) Банктің ішкі нормативтік құжаттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген, банк Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

2020 жылы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі 66 сырттай және 2 бетпе-бет отырыс өткізді.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің отырыстарында келесі негізгі мәселелер қарастырылды:

- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілігі;
-2020 жылдың 9 айы үшін қызмет қорытындылары;
- Кредиттік қоржын сапасын талдау бойынша тоқсандық есептер;
-«Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2021-2023 жылдарға арналған бизнес-жоспары;
-«Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2021-2023 жылдарға арналған стратегиясы;

Жыл бойы жұмыс жасаудың қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйлықақы беру Банктің қол жеткізген қаржылық нәтижесіне сүйене отырып, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптары мен ережелерін басшылыққа алып жүзеге асырылады.

Директорлар Кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері 2020 жылы 134,0 млн тг құрады.

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ 06.04.2021 Ж. ҚЫЗМЕТТЕРІ

СБЕРБАНК

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті Банктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және орта және ұзақ мерзімді перспективада банктік қызметтің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, банктің стратегиялық мақсаттарын (Даму стратегиясын) әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындауды, банктің кадр саясаты және банктің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу саласындағы банктің басым бағыттарын анықтау мәселелері бойынша, сондай-ақ банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жүйесін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша банктің Директорлар кеңесіне ҚР заңнамасына сәйкес анық және уақытылы басқарушылық есептілік пен ақпарат беруді жүзеге асырады.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің құрамын ҚР заңнамасының талаптарына және «Жинақ банкі» АҚ ЕБ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес анықтайды.

2020 жылы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті 24 сырттай отырыс өткізіп, 37 мәселені қарады. Комитетпен қаралған негізгі мәселелер:

- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2019 жыл және 2020 жылдың бірінші жарты жылдығы бойынша Стратегиясын іске асыру барысы туралы есеп;
- Кредиттік қоржын сапасын талдау бойынша тоқсандық есептер;
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ тоқсан сайынғы қаржылық және басқарушылық есептілігі;
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2021-2023 жылдарға арналған стратегиясы;

ҚҰРАМЫ:

Аханов Серік Ахметжанұлы – Комитет Төрағасы (29.03.2021 ж. тағайындалды);

Теңізбаев Елдар Амантайұлы – Комитет мүшесі (28.02.2020 ж. тағайындалды);

Козинцев Тимур Олегович – Комитет мүшесі (25.09.2020 ж. тағайындалды);

Мошиашвили Михаил Михайлович – Комитет мүшесі (24.02.2021 ж. тағайындалды).

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің аудит мәселелері жөніндегі Комитеті Банктің Директорлар кеңесі ұсынатын өкілеттіктер аясында корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі және сыртқы аудит қызметін бақылау жүйелері жұмысының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитетінің құрамын ҚР заңнамасының талаптарына және «Жинақ банкі» АҚ ЕБ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес анықтайды.

2020 жылы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Аудит мәселелері жөніндегі комитеті 15 сырттай отырыс өткізіп, 19 мәселені қарады. Комитетпен қаралған негізгі мәселелер:

- 2019 жылғы «Сенім желісінің» жұмыс істеу мониторингінің нәтижелері туралы есеп;
- 2020 жылға арналған ішкі аудиттің жылдық жоспары және ішкі аудит жоспарының орындалуы туралы тоқсандық есептер.

ҚҰРАМЫ:

Елемесов Асқар Раушанұлы – Комитет Төрағасы (29.05.2020 ж. тағайындалды);

Ашурков Алексей Анатольевич – Комитет мүшесі (13.06.2017 ж. тағайындалды);

Анашкин Григорий Михайлович – Комитет мүшесі (08.05.2019 ж. тағайындалды).

СБЕРБАНК

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАСШЫЛЫҒЫ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) банктің таңдалған бизнес моделіне, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне, бейіннің тәуекеліне және банктің Директорлар кеңесі бекіткен ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын банктің атқарушы алқалы органы болып табылады.

Басқарма мен Басқарма Төрағасы өз қызметінде Директорлар кеңесіне және Банк акционерлерінің жалпы жиналысына есеп береді.

2020 жылы банк Басқармасы 20 сырттай отырыс, 62 бетпе-бет отырыс өткізді.
Банк басқармасы мынадай мәселелерді, оның ішінде Директорлар кеңесінің кейіннен бекітуі үшін қарады:

- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2021-2023 жылдарға арналған бизнес-жоспары;
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2021-2023 жылдарға арналған стратегиясы;
- Банк қызметінің қорытындысы;
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ қаржылық және басқарушылық есептілігі және банкпен айрықша қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелер туралы ақпарат:
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ қаржылық нәтижесінің болжамы;
- Комплаенс тәуекелді басқару жөніндегі есеп;
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ кредиттік қоржынының сапасын талдау жөніндегі есебі;
- Банк пен оның қызметкерлерінің банктің басшы қызметкерлері мен банк қызметкерлеріне бекітілгеннен және/немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін банктің стратегиясын, саясатын және өзге де ішкі құжаттарын жеткізу тәртібінің талаптарын сақтауы туралы ақпарат;
- Ішкі бақылау саясатын орындау тиімділігінің мониторингі және бағалау нәтижелері туралы есеп;
- 01.07.2020 ж. жағдай бойынша банктің саясаттары мен өзге ішкі құжаттарының стратегиясы, ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайы, тәуекелдер бейіні және ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін мониторингілеу және бағалау туралы есеп;
- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-не қолданған шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар туралы» ақпарат, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын орындау мәртебелері;
- Ішкі аудит нәтижелері туралы, ішкі аудит жоспарының орындалуы туралы және Ішкі аудит басқармасының тексеру нәтижелері бойынша іс-шаралардың орындалуы туралы, сондай-ақ Ішкі аудит басқармасының қызметкерлерін оқыту қорытындылары туралы есеп;
- Банктің кадр саясатының стратегияға, ұйымдық құрылымға, Банктің тәуекелдер бейініне, қол жеткізілген нәтижелерге және заңнама талаптарына сәйкестік мониторингі туралы есеп;
- Мәмілелер жасау, штаттық кесте, енбек ақы туралы мәселелер.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу Қазақстан Республикасы заңнамасына және «Жинақ банкі» АҚ ЕБ ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.
Басқарма Мүшелерінің сыйақы мөлшері 2020 жылы 1 998,7 млн тг құрады.

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

**Басқарма**

- Корпоративтік бизнес
- Бөлшек бизнес
- IT-технологиялар
- Операциялық қызмет
- HR, Маркетинг
- Заңды қызмет және проблемалық берешекпен жұмыс
- Қаржылық қызмет
- Қауіпсіздік
- Әкімшілік-шаруашылық қызмет
- Тәуекел-Менеджменті
- Филиалдық желі басқармасы

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАСҚАРМАСЫ



**Теңізбаев Елдар Амантайұлы**

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы
Туған жылы: 1984 ж.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 2016 ж. бастап «Сбербанк Лизинг Қазақстан» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі
- 2019 ж. маусымынан бастап «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Бірінші Орынбасары лауазымын атқарған;
- 2020 ж. бастап «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы лауазымын атқарады



**Титов Александр Викторович**

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары
Туған жылы: 1973 ж.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 2017–2018 жылдары «Сбербанк» ЖАҚ Аға басқарушы директоры — Халықаралық бизнесті дамыту басқармасының директоры лауазымын атқарды
- 2018–2020 жылдары «Сбербанк» ЖАҚ Аға басқарушы директоры — Халықаралық корпоративтік бизнесті дамыту басқармасының директоры лауазымын атқарды
- 2020 ж. бастап «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары лауазымын атқарады



**Накисбеков Ернар Нарымжанович**

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары
Туған жылы: 1984 ж.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 2015–2019 жылдары Бас директор, «Скай Мобайл» ЖШҚ (Қырғыз Республикасы)
- 2019 жылдан бастап — CEO Бас директор, Digicel (PNG) Limited Papua New Guinea (Папуа — Жаңа Гвинея, Порт-Морсби)
- 2019–2020 жылдары Менеджмент құрылымдық бөлімшесінің операциялық қызмет жөніндегі Атқарушы вице-президенті, «Ренессанс Сақтандыру тобы» («Группа Ренессанс Страхование)» Акционерлік Қоғамы (Ресей Федерациясы)
- 2020 бастап — «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Кеңесшісі, «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары.

СБЕРБАНК



## Таскаранов Нурсултан Габдиль-Мажитович

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары
Туған жылы: 1978 ж.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 2012 ж. бастап — «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары;
- 2016 ж. бастап «Сбербанк Лизинг Қазақстан» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі



## Яманов Денис Александрович

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары
Туған жылы: 1980 ж.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 2013 ж. бастап «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары лауазымын атқарады



## Аракелян Георгий Гургенович

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары
Туған жылы: 1980 ж.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 2017 ж. бастап — «БИНБАНК» ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- 2018 ж. бастап — «Жинақ банкі» АҚ ЕБ тәуекелдер жөніндегі Басқарушы директоры
- 2020 ж. бастап — «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты банктің комплаенс-тәуекелін басқару жүйесінің бөлігі болып табылады және сыбайлас жемқорлықтың (сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің) алдын алудың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды, оның қатысушыларын барынша азайту жөніндегі шараларды, оның ішінде үшінші тұлғалармен қатынастардағы міндеттерді, функцияларды, өкілеттіктер мен жауапкершілікті белгілейді.

Банктің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл жүйесі сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін алдын алудың тиімді тетігін ұйымдастыру стандарттарын, оның ішінде банк қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуді, жалпы корпоративтік қағидалар негізінде банктің барлық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыруды және сыбайлас жемқорлық мінез-құлқын қабылдамауды басшылыққа алады және ұстанады.

Банк Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының қағидалары мен талаптарын тұрақты негізде барлық қызметкерлердің назарына жеткізеді. Сондай-ақ банк заңнамада белгіленген және/немесе еңбек келісімдерінде белгіленген банктің лауазымды тұлғаларына және басшылық лауазымдарға кандидаттарға тиісті талаптарды, банк қызметкерлері үшін банкте бір мезгілде жұмыс істей отырып, үшінші тұлғалардың жарғылық капиталдарына және/немесе басқару органдарына қатысуына шектеуді ұсынады.



# КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

### БАНК КЕЛЕСІЛЕРДІ РЕГЛАМЕНТТЕГЕН:

1) банктің барлық қызметкерлері сақтауы міндетті сыйлықтармен және өкілдік шығыстармен жұмыс істеу ережелері;
2) банктегі мүдделер қақтығысын, оның ішінде әлеуетті мүдделер қақтығысын реттеу және болдырмау мақсатында ақпаратты ашу тәртібі;
3) банктің контрагенттерін бағалау, талдау және іріктеу рәсімдері, сондай-ақ олармен өзара іс-қимыл жасау қағидалары белгіленді.

### БАНКТІҢ БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ:

1) әлемнің кез келген елінде өзінің еңбек функцияларын орындау кезінде немесе банк атынан өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық заңнаманы, шет мемлекеттердің жергілікті заңнамасын және сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарға қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық құқық нормаларын, сондай-ақ Саясат талаптарын сақтауы тиіс;
2) сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерді жасаудан және шешімдер қабылдаудан бас тартады;
3) өзінің күнделікті жұмысында сыбайлас жемқорлыққа тартылған немесе тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайту үшін саналы күш-жігерін жұмсайды;
4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық мәселелері бойынша қауіпсіздік бөлімшесімен, заң қызметімен, комплаенс бөлімшесімен және т. б. өзара іс-қимыл жасайды;
5) Саясаттың ережелеріне қатысты іс-әрекеттерді немесе өзге де мәселелерді жүзеге асыруға жол берілетіндігіне күмән болған кезде тікелей басшыға және/немесе комплаенске түсініктеме алу үшін жүгінеді;
6)Саясатты бұзудың әрбір белгілі / ықтимал / анықталған жағдайы туралы комплаенс-бақылауды («Кері байланыс желісін») хабардар етеді.

Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасау тәуекелдерін тиімді анықтау, бағалау және азайту үшін банкте қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қарсы іс-қимыл саласындағы Саясаттың негізгі ережелерін білуге және түсінуге, кейіннен тестілеу өткізумен, міндетті оқыту жүргізу сияқты негізгі тәсілдер қолданылады.

### ҚОСЫМША БАНКТЕ:

1) банктің жаңа қызметкерлерін қабылдау кезінде Ықтимал мүдделер қақтығысын ашу туралы нысанды толтыру қамтамасыз етіледі;
2) жұмысқа қабылдау кезіндегі Саясат талаптарымен танысу жүзеге асырылады;
3) қызметкерлерді Саясаттың негізгі талаптарына оқыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу жүзеге асырылады.

Банк сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер фактілері немесе қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауға көндіру мақсатында оларға жүгінудің кез келген жағдайлары туралы келіп түскен кез келген ақпаратты бағалауды және өңдеуді жүргізеді.
Банкте мүдделер қақтығысы / сыбайлас жемқорлық әрекеті туындағаны туралы хабарланған жағдайда, банк қызметкерлерді қорғау шараларын қамтамасыз етілген, сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қарсы іс-қимыл бойынша шараларды әзірлеу, іске асыру және іске асыруды бақылау үшін банктің бір ғана қызметкеріне жауапкершілік жүктеуге жол бермеу мақсатында бақылау рәсімдері енгізілген.
Сондай-ақ банкте банк жасайтын барлық төлемдерді толық және дұрыс есепке алу және құжаттауды жүргізу жүзеге асырылады, ішкі нормативтік және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарға және банк шарттарын жасасуға жоспарланған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамалар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған өзге де іс-шаралар жүргізіледі.

Банк сыбайлас жемқорлық пен сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін қабылдамайтынын ашық мәлімдейді, барлық контрагенттердің, банк қызметкерлерінің және өзге де тұлғалардың Саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтауын құптайды және көтермелейді, сондай-ақ хабардар ету және оқыту арқылы қоғамда және банк қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға жәрдемдеседі.

> Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпарат 2020 жыл үшін жоқ.
>
